Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос.
Абай.

Құрыш қала

khurysh_khala@mail.ru

Теміртау қалалық қоғамдық газет 5 желтоқсан жұма 2014 жыл № 48 (158)

Киноэпопеяның жаңа тарауын тамашалады

7 - бет

Мына жалғанда өзінің елеулі еңбегімен ел есінде қалатын тұлғалар баршылық. Әрине, ол үшін мықты ғалым, атақты ақын-жазушы немесе ел бастаған қолбасшы болу шарт емес. Керісінше, адал еңбегімен, өмірлік ұстанымдарымен өмірден өз орнын тауып, отбасында бірлік пен береке салтанат құрса, ұрпақ өрбітіп, перзенттеріне ардақты ата-ана, қазыналы қария болса да жеткілікті. Мұны айтып отырғанымыз, ұлылықтың ең шыңы – қарапайымдылық екенін тағы бір рет дәлелдеу. Себебі, талай тектілерді түлеткен Теміртаудай құрыш қалада осындай дара жандар баршылық. Сондай ел-жұртына қадірлі қариялардың бірі марқұм Мәжит Қажыбеков болатын. Бар ғұмырын игілікті іске арнап, қоғамда ойып тұрып орын алған асыл жан көзі тірі болса 7 желтоқсанда жүз жасқа толады екен. Мәселе оның басында емес, атқарған істерінде болғандықтан бүгін сағынышпен еске ала отырып, сол асыл жанның өмірі мен еңбек жолына бір сәт үңілгенді жөн көрдік.

Жаны жайсаң ақсы аға

Облыс әкімі жастар арасында

Тұңғыш Президент күні қаламызда өткен мәдени-көпшілік шаралардың қызықтыларының бірі – тарихи-мәдени орталықтағы Елбасы үзеңгілестері мен студенттердің жылы жүзді кездесуі болды.

2 - бет

Қоныс тойы тойланды

2 - бет



Кездесу

Тұңғыш Президент күні қаламызда өткен мәдени-көпшілік шаралардың қызықтыларының бірі – тарихи-мәдени орталықтағы Елбасы үзеңгілестері мен студенттердің жылы жүзді кездесуі болды.

Облыс әкімі жастар арасында

Бұл дәстүрлі жиын немесе естелік түрінде емес, Президенттің өмірі туралы кім көп білетінін анықтайтын сұрақ-жауап әдісімен өткізілді. Жиналғандар екі командаға бөлініп, Нұрсұлтан Әбішұлының еңбек, өмір жолы, тіпті қызығушылықтары туралы қамтылған сұрақтарға жауап берді. Кездесу кезінде интерактивті тақтадан Президенттің өмірінен бейне-баяндар да көрсетілді. Ұйымдастырушылар осындай шара арқылы Елбасының қаншалықты қарапайым, сонымен бірге білімді, парасатты адам екендігін көрсетуге ұмтылған.

– Бұл Президенттің өмірбаяны ғана емес, оның адам ретіндегі мінез-құлқын да жастардың танып білуі үшін ұйымдастырылған кәдімгі тірі журнал деп айтар едік. Сұрақ-жауап барысында Нұрсұлтан Әбішұлының біздің Теміртау қаласында жұмыс істеген шағы және осында басталған достықты өмір бойы ұмытпай келе жатқандығы да қамтылды, – дейді қала әкімінің орынбасары Шолпан Мырзақасымова.

Кездесуге қаланың құрметті азаматтарымен қатар облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков те қатысты. Ол алдымен «Жас ұлан» жастар қанатына қабылданған жаңа мүшелердің салтанатты антын тыңдады, мұражай жәдігерлерін тамашалап көрді.

– Егер жастар біздің Президентіміз алға қойып отырған міндеттерді бұлжытпай орындаумен бірге Елбасының жеке өмірінен де тағылым алып, еңбек етсе Қазақстанның келешегі кемелді болары анық. Мен сіздерге табыс тілеймін, аға ұрпақ жастарға сенеді, – деді өз сөзінде аймақ басшысы жиналғандарды тұңғыш Президент күнімен құттықтау сөзінде.

Соңында сұрақ-жауапқа асқан тапқырлық көрсеткен жастарға сыйлықтар тапсырылды, жастар облыс әкімімен естелік үшін суретке түсті.

Перзентханада

Тұңғыш Президент мерекесінің таңғы шуағы қалалық перзентханаға нұрын молынан төккендей, бұл күні сегіз сәби жаңа өмірдің есігін ашты. Олар ескерусіз, елеусіз қалған жоқ., айтулы мейраммен қатар дүниеге келген нәрестелерді, олардың аналарын құттықтауға келгендердің қатары көп болды.

Адамның бір қызығы ...

– Бүгінгі Елбасы мейрамы күні біздің перзентханада сегіз сәби дүниеге келді. Олардың бесеуі ұл бала. Аналардың бірі баланың атын Сұлтан деп атады.Өткен жылы дәл осы мереке күні он бес сәби өмірге келген еді, онда да бір ана өзінің баласының атын Нұрсұлтан деп атаған болатын, – деп қуанышын жеткізді перзентхана басшысы Сәуле Аманжолова.

Бұл күні аналар мен балаларды құттықтауға қала әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Шолпан Мырзақасымова өзі келген еді. Қаламыздағы кәсіпкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері мереке күні өмірге келген сәбилерге әдемі сыйлықтар ұсынды. Оның ішінде сәнді киімдер, жаялықтар, сондай-ақ жұмсақ ойыншықтар бар. Қаладағы балалар киімін сататын дүкендердің бірі он пайыз жеңілдікпен сауда жасауға болатын сертификат ұсынды.

1 желтоқсан қалалық перзентханада үлкен думан, қызықты мейрам ретінде тойланды. Өмірге келген нәрестелер, бақытты аналар тұңғыш Президент күні шапағатын осылайша сезінді.

Тұрғын үй

Тұңғыш Президент күні қарсаңында мемлекеттік қордан абспана алуға үмітті жүздеген теміртаулық отбасылары қуанышты қоныс тойын тойлады. Бұған дейін ескі қаладағы Мектеп көшесінің № 55 үйі күрделі жөндеуден өткізіліп жатқанын жазған едік. Енді осы айтулы мереке қарсаңында құрылысшылар оны толық аяқтап, мерекеге үлкен сый-сияпат жасады.

Қоныс тойы тойланды

– Бұл үй 57 отбасын мемлекеттік қордан пәтермен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. қазірдің өзінде кезекте тұрған қырық адам қолдарына кілт алды. Баспаналы болғандардың басым көбі, яғни отызы жетім балалар, қазіргі заң бойынша олар бірінші кезекте үй алуға толық құқығы бар, – дейді қаламыздағы тұрғын үймен айналысатын мемлекеттік мекеменің сектор жетекшісі В.Губарь.

Пәтер мемлекеттік қордан берілгенмен, оны жалға алу әдісіндей ай сайын пәтерақы төлеп тұрады. Бірақ баға мүлде арзан, мәселен, бір бөлмелі пәтерде тұратындар айына мың теңгеден сәл артық, ал екі бөлме үшін екі мың теңге төлейтін болады.

Мамандар үстіміздегі жылы мемлекеттік қор есебінен басаяғы 140 отбасы баспаналы болатынын жеткізді.

Тұңғыш Президент күні қарсаңында жаңа пәтердің кілтін алып қуанған жұрттың мәз-мейрам кейпін көріп, шынында да «Үй болмай – күй болмайды» деген аталы сөздің растығына ой жүгірттік. Баспаналы болғандардың арасында 11 бала тәрбиелеген батыр ана Аманбала Сыздықова өзінің қуанышымен бөлісті.

– Мен кезекте біраз жыл тұрдым, тіпті үмітім де үзілгендей уақыт өтті. Соған қарамастан Елбасының мерекесі қарсаңында осындай қуанышқа блөленгенім мен үшін үлкен бақыт. Зейнетте болсам да тұңғыш Президенттің сарабдал саясаты арқасында осындай нарық заманында тегін пәтер алып отырмын. Бұл көп балалы анаға деген үлкен құрмет, биік мәртебе, – дейді алтын алқалы ана.

Қазір осындағы Тольятти көшесі бойындағы тағы бір үй күрделі жөнделуде, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Іс-сапар

Инвестициялар мен даму жөніндегі министр Әсет Исекешев жуырда қаламызда болып, кәсіпкерлермен, еңбек ұжымдарымен кездесті.

Министр қаламызда болды

«АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорнында болған кезде салынып жатқан конвертор цехының құрылысын аралап көрді. Құны 130 млн. доллар тұратын бұл жоба негізінен еңбек өнімділігін арттырумен қатар ауаға таралатын шаңды барынша азайтуға бағытталған.

Министр мен оның жанындағы түсіндіру ақпараттық топ мүшелері өндірістің көлемін арттыру, шетелдік инвестицияларды белсенді тарту, жаңа кәсіпорындардың жобалық қуатын тездетіп игеру елді индустрияландырудың бірінші кезекті міндеттері екенін айтып берді. Бұл Елбасының биылғы Жолдауының негізгі бағыттары. Қазақстан Үкіметі индустриялық аймақтарды ынталандырудың жаңа тетіктерін жасап жатыр.

– Іс жүзінде индустриялық аймақтар бұл жергілікті биліктің тікелей атқаратын жұмысы, алайда үкімет қосымша қаржыландыру шығындарын өтеу үшін жаңа тетіктер іздестіруде. Сондықтан мұны жергілікті атқарушы билік, сондай-ақ кәсіпкерлер ерекше назарда ұстап, барлық қаражатты, күш-жігерді жұмылдыруы керек. Индустриялық аймақтар сұранымға ие болуға тиіс, олар бос тұрса ешбір кіріс те, өнім де болмайды, –деді Әсет Исекешев.

Еліміздің барлық аймақтарында елуден аса индустриялық аймақтар құру жөнінде жобалар жасалып жатыр, олай болса, келешек индустрияландыру арқылы шешіледі. Бұл болашақтың үлесінде.

Күн тәртібінде – энергетика

3 желтоқсанда Орталық Коммуникациялар қызметінде 26-27 қарашада өткен Астанадағы 2015-2019 жылдарға арналған 25-інші Энергетикалық Хартия конференциясының сессиясының қорытындысы бойынша баспасөз-брифингі болды.

Энергетикалық Хартия түсіністікке негізделгенін атап айтқанымыз жөн. Осы арқылы барлық тараптар энергетикалық сектордағы ынтымақтастық балансын ұтады. Табиғи ресурстарға бай мемлекеттер энергетикалық ресурстарды қайта өңдеу мен қамтамасыз ету саласына инвестиция тартудың қосымша әдістерін алатын болады. Энергетикалық Хартия Конференциясы Еуразияның 50-ден астам мемлекетін біріктіретін Энергетикалық Хартия Келісімінің жоғарғы басқару органы болып табылады.

Вице-министр Ұ.Қарабалиннің айтуынша, импорттаушы мемлекеттер елге энергетикалық инвестиция қорғанысына қол жеткізеді.

– Энергетикалық Хартияның басты мақсаты – энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық механизмін құратын құжаттарды дайындауға қатысуды талқылау. Қазақстан үшін энергетикалық ресурсты дамыту мен сауда жайы алаңдатпақ, - деді ол.

Сонымен қатар еліміздің осы Конференцияға төрағалық етуі республиканың Еуразия кеңістігіндегі энергия ресурстарын ірі өндіруші және тасымалдаушы ретінде маңызды орында екендігінің дәлелі.

Үстіміздегі жылы еліміз Энергетикалық Хартия бойынша Конференцияға төрағалық етуін аяқтап, эстафетаны Грузияға береді.

Өз тілшіміздің

Халық қалаулысы

Қалалық мәдениет сарайында өткен басқосуда Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаты Андрей Бегенеев Елбасының Жолдауының негізгі ұстанымдарын жан-жақты түсіндірді. Ол өз сөзінде «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын табысты орындау әр адамның еңбегіне тікелей байланысты екенін айтты.

Жолдауды түсіндірді

– Нұрсұлтан Әбішұлы бұл Жолдауда әдеттегідей нақты тапсырмалар жүктеп отыр, оның ішінде орындалмайтын міндет жоқ. Тек бәріміз бір кісідей ортақ мақсаттарға жұмылуымыз қажет, – деді Мәжіліс депутаты өз сөзінде.

Биылғы Жолдауда Елбасы Қазақстанның әлемдегі ең бамыған отыз елдің қатарына қосылуы үшін бірінші кезекте атқарылатын жеті міндетті талдап, айтып берді. Оның біріншісі – көлік жолдарын, яғни Астана мен барлық облыстардың, қалалар мен аудандардың аралығындағы автожолдардың, сондай-ақ теңіз, әуе қатынасының жақсаруы және индустриялық, энергетикалық, тұрғын үй, әлеуметтік инфрақұрылымдарды нығайтып, дамыту, шағын және орта бизнесті, іскерлік белсенділікті қолдау ел алдындағы елеулі міндеттер. Бұл мақсаттарға ұлттық қордан бөлінген қаржыны ұтымды пайдаланып, әр тиынын есептеп жұмсау қажет. Міне, сонда ғана осы жаңа экономикалық саясаттың арқасында дамудың ауқымды қадамы жасалып, озық отыз елдің қатарына кіру мүмкіндігі жақындайды. Нәтижесінде әр-бір қазақстандықтың әл-ауқаты, өмір сапасы жақсарады. Бүгінгі Жолдаудың түпкі мәні міне, осы. Олай болса, «Нұрлы болашақ » үшін осы «Нұрлы жол » жолдауын табысты жүзеге асыру басты міндет.



«Біз жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырдық. Мәңгілік ел –елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі»

Елбасы Жолдауынан

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»

Қазақстанның бүгінгідей жаңа тұрпатты мемлекет ретінде қалыптасуына және ішкі тұрақтылық пен халықтың бірлігін нығайтуда Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөлі өлшеусіз екені сөзсіз. Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің кеңейтілген отырысында ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова осындай пікір білдірді.

Тұңғыш Президенттің тарихи рөлі өлшеусіз

«Кеңестің бүгінгі кеңейтілген отырысы еліміздегі айтулы мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күні қарсаңында өтіп отыр. Бұл мерекенің Қазақстан халқы үшін, оның ішінде елдегі бірлікті бекемдеуге еңбек сіңіріп жүрген сіздер, яғни Ассамблея мүшелері үшін мәні мен маңызы ерекше деп білемін. Өйткені, Қазақстанның бүгінгідей жаңа тұрпатты мемлекет ретінде қалыптасуына және ішкі тұрақтылық пен халықтың бірлігін нығайтуда Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөлі өлшеусіз екені сөзсіз», - дейді Г.Әбдіқалықова.

Мемлекеттік хатшы атап өткендей, Елбасы ешбір мемлекетте болмаған бірегей қоғамдық институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, этносаралық қатынастарды жетілдіруде жемісті істерге жол ашты.

«Президенттің жақында халыққа арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының рухани тереңдігі және әлеуметтік жүгі де аса ауқымды. Бұл бағытта Мемлекет басшысы 2015 жылы бүкіл халық боп атап өтетін ауқымды іс-шараларды айқындап берді. Келесі жылға белгіленген қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы жеңістің 70 жылдығын жоғары деңгейде ұйымдастырып, елдің тұтастығын одан әрі бекіте түсу баршамыздың міндетіміз», - деді ол.

«Сонымен бірге, 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланды. Яғни, алдағы жылы ұйымдастырылатын жалпыхалықтық іс-шаралардың дені елдің тұрақтылығы мен бірлігіне, халықтық татулығы мен тыныштығына бағытталмақ», - деп түйіндеді Г.Әбдіқалықова.



Шапағат

«Ризашылық» – «Қайырымдылық балалар игілігіне» деп аталатын ерекше мереке ізгілікке, мейірімділікке бастайтын жол.

Бар жақсылық – балаларға

Бұл мейрам осыдан 6 жыл бұрын «Бөбек» қайырымдылық қорының президенті, көңілі алаң балалардың анасы Сара Алпысқызының бастауымен, шуақты, қуанышқа толы дәстүрімен өмірге келген еді. Міне содан бері оны бүлдіршіндер асыға күтеді. Әсіресе өзін өмірге әкелген ата-ананың мейіріміне, махаббатына зәру сәбилерге ол бір ертегідей жылу сыйлайды. Жуырда қаламыздағы «Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар үйі» КММ осы мерекені ерекше көңіл-күймен тойлады. Желтоқсанның ызғырық аязына қарамастан балалар үйінің есігін ашқаннан жылу шуағы есіп жүре берді. Әдем саз үніне жүздері қуанышты сәбилердің қонақтармен сәлемдескен көңілді дауыстары қосылып олардың бақытты екенін паш еткендей.

Тәрбие ошағының үлкен акт залы мерекедегідей безендірілген, төрде сәнді оралған сыйлықтар, бірнеше қымбат кір жуатын машина, үтік, шәй қайнататын термопот, шаңсорғыш, әйтеуір балалар үйінің күнделікті тіршілігіне қажетті тұрмыстық заттар лықа жиналған. Директордың орынбасары Әсел Берікқызы Рымтаева бүгін мұнда дәстүрлі ризашылық күні тойланып оған демеушілердің бірқатары қатысатынын жеткізді. Міне, көптен күткен мерекелік сәт басталып алдымен Сара Алпысқызының балаларды құттықтаған жеделхаты оқылып, одан кейін облыстық оқу басқармасы өкілі Ольга Токубаева және осы тәрбие орнының директоры Серік Әмірханов балаларды жыл сайын тойланып жүрген ризашылық күнімен құттықтады. Ал Халық банкі өкілі Диана Байділдинова мейірімділік пен ізгілік мерекесі күні сәбилерге сыйлық беріп көңілдерін марқайту өздерінің бір дәстүрлі ісі екенін тілге тиек етті.

– «Балалы үй – базар» дейді халқымыз, сондықтан сіздердің қызықты өмірлеріңізді одан әрі жақсартып өз тарапымыздан қолдан келгенше сый-сияпат жасауды жөн көрдік. Мына төрде тұрған заттардың бәрі сіздерге қызмет ететін болады. Бұл отбасылық үлгідегі тәрбие үйінің бүлдіршіндері сабақта озат, спорт пен өнерде үнемі алда екенінен хабардармыз, келешекте де туған Отанға лайықты азамат болатындарыңа сенеміз, – деді Диана Абылайханқызы.

Салтанатты сәттің келесі бөлігінде балалар өздерінің өнерлерін ортаға салды, олардың мың бұрала билеген билері, әуелеген әндері осы бақытты мекеннің шаңырағын шалқытып жүректерге нұр болып құйылып жатты. Осыдан 12 жыл бұрын ашылған «Айналайын» балалар үйі қазір бөбектердің туған ошағынан бір кем емес олардың әрқайсысының жүзінде күлкі, көңілдерінде қуаныш лебі байқалады. Мұны отбасы аналарымен, тәрбиешілермен әңгімелескенде де анық сездік.

– Бізде қазір 5 отбасы бар, оларда 49 бала өсіп жатыр, әр отбасында 9-10 бала бар. екі отбасы бірыңғай қазақ тілінде тәрбиелейді, – деген әлеуметтік педагог Айгүл Әлкеевaның әңгімесін басқа аналар да іліп әкетті. Фанзиля Үкітаева білім беру саласында жиырма жыл психолог болып еңбек еткен. Мұнда келгеніне төрт айдың жүзі болыпты. Отбасылық тәрбиенің нағыз үйдегіден айырмасы жоғына сенімді. Оның отбасындағы 11 баланың ең кішкенесі үшінші, ал ересек екеуі тоғызыншы сыныпта оқып жүр. Мұнда қазақша тәрбиеге үлкен мән берілетіні сондай отбасындағы апалы-інілі Галя мен Трофим № 5 қазақ орта мектебінің оқушылары екен.

Әлеуметтік аналар, тәрбиешілер деген лауазымдық қызметтеріне қарамастан олардың қай-қайсысы болса да әр бала туралы сағаттап әңгімелеп беруге әзір. Бірінің оқуға ынталылығын, бірінің спортқа бейімділігін мақтан етеді, тіпті осы балалар үйіне сәби кезінде келіп мектепті бітіріп үлкен өмірге қадам басқан қыз-жігіттердің де қазіргі өмірі алаңдататынын, олардан да үнемі көз қырын алмайтынын сөздерінен байқадық.

– Туған ата-анасынан қол үзсе де олар біз үшін өзіміздің балаларымыздан еш кем емес. Мәселен, Елубай екі жастан, Самат үш жастан бастап қолымызда, көз алдымызда өсті. Сондықтан олардың ешқайсысы маған бөтен емес тек сабағы, тамағы, тәрбиесі ғана емес, тағдыры да бізге байланысты екенін жауапкершілікпен көтеріп келеміз, – дейді осында 14 жылдан бері еңбек ететін Гүлшат Аманжолқызы.

Ризашылық – қайырымдылық балалар игілігіне айналатын дәстүрлі мереке сәтінде отбасылық үлгідегі балалар үйі ұжымының елуге жуық ұл-қызға туған ошағындай болып отырғанын көзбен көріп, көңіліміз қуанды.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Ыстық ықылас

ҚР тұңғыш Президент күні мерекесі құрметіне Қызыл Жарты ай қоғамының қарауындағы қарттар үйіне әкімдік пен мәслихат өкілдері келіп, тұрғындарды құттықтады.

Қариялар азайып бара жатыр...

Халық ауызша әңгімеде «Қайырымдылық үйі» деп атап кеткен мұнда қазір 52 қарт тұрады. Олардың басым көбі жалғызіліктілер, отбасылары да, жақындары да жоқ. Сондықтан өздерін іздеп келген қандай да бір адам болса, жанарларына жас іркіліп, бірде қуанып, бірде мұңайып, сағынышпен қарсы алады. Бұл жолы қалалық мәслихат хатшысы Василий Свиридов және «Калинка» халық ансамблі қарияларды мерекемен құттықтап, халжағдайларын сұрап, елде, қалада болып жатқан жаңалықтарды әңгімелеп, аса бір мейірімге толы кездесу өткізді.

– Бізге келетін қонақтар баршылық, міне, мереке күні билік басшыларының және өнерпаздардың келуі өте жақсы көңіл-күй әкеліп отыр. Тұрғындардың көбі ауру-сырқаулы қариялар, сондықтан осындайда жандарын жадырататын әуезді ән, жақсы әңгіме, қамқор лебіз естігілері келеді. Мұны өте жақсы түсінген қалалық мәслихат хатшысына және басқа да азаматтарға айтар алғысымыз шексіз, – дейді ҚР Қызыл Жарты ай қоғамының директоры Олег Куринной.

Қайырымдылық үйінің біраз тұрғындары өз аяғымен жүреді, ал бірқатары төсек тартып жатқан сырқат жандар. Қонақтар олардың ешқайсысын да бөле-жарған жоқ, әрбір бөлмеге барып, ән шырқап, әңгімелерін айтып, бәрінің де көңілдерін көтерді. Қала әкімінің орынбасары Шолпан Мырзақасымова өзінің құттықтау сөзінде тұңғыш Президент күні мемлекеттік мерекесінде бірде-бір жан ескерусіз, елеусіз қалмайтынына назар аударды және мерекелік жылы лебіз білдіріп, қарттарға түрлі сыйлықтар таратты. Мереке елдің бәріне ортақ, бұл күні үлкен де, кіші де, бала да, жас та бақытты, бейбіт елдің шапағатынан құр қалмауға тиіс. Қайырымдылық үйінде өткен мереке осындай идеяменен бірнеше сағатқа созылып, қонақтар мен оның тұрғындары ұзақ уақыт бірге болды және мұнда әлі де талай мейрам болатынына сендірді.

Құқықтық көмек

Бұл күнде әр адамның басына келетін тұрмыстық жағдайлар аз емес. Ондайда кәсіби білік керек болады. Ал енді екінің бірінде толық заңгерлік біліктілік жоқ екені бесенеден белгілі. Мұны билік жақсы түсінеді, сондықтан кейінгі жылдары тегін кеңестер өткізу дәстүрі қалыптасты.

Тегін кеңес берді

Жуырда қаламыздағы мәдениет сарайында бірнеше мемлекеттік мекемелер өкілдерінің қатысуымен тұрғындарға тегін заңгерлік кеңес берілді. Келушілерді қабылдауды ұйымдастырған Қазақстан заңгерлер қоғамы мен «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы. Бұл күні алпыстан аса қала тұрғыны өздерін толғандырған сұрақтар бойынша қабылдауға келді, оларға мемлекеттік мекемелердің тәжірибелі қызметкерлері, нотариустар, адвокаттар, заңгерлер жан-жақты жауап берді. Бәрі де өздерін толғандырған сұрақтарға толымды жауап алып, мәселені шешудің оңтайлы жолын түсініп, алғыстарын жаудырды.

– Негізінен елді толғандыратын мәселе әлеуметтік, құқықтық мағынада болып келеді. Ондай сауалдар көбіне сот орындаушыларына, прокуратура, Ішкі істер қызметкерлеріне тиісті болғанымен, жұрттшылықты толғандырғандықтан біз бәрін де түсіндіріп, қандай жолмен шешуге болатынын анық айқындап айтуға тиіспіз. Тегін кеңестің пайдасы да осында, – дейді қаламыздағы Әділет басқармасының жетекшісі Уәлихан Жанпейісов.

Мұндай кеңес беру үрдісі алдағы уақытта да жалғасын табады.

Индустриаландыру

Бұған дейін жазғанымыздай, аймақтың индустрияландыру картасына жалпы құны 500 млрд. теңге тұратын сексен инвестициялық жоба енген, соның екеуі қала ұстаушы кәсіпорын саналатын «АрселорМитттал Теміртау» АҚ-да жүзеге асырылуда.

Жоба жүзеге асырылды

Өткен аптада облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков комбинатқа атбасын тіреп, №2 конвертор цехында жаңаланған газ тазалау қондырғысын іске қосу салтанатына қатысты. Сөз реті келгенде айта кетейік, №2 конвертор цехындағы бұл атқарылған жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде ауаға шығарылатын шаң-тозаң азайып ғана қоймай, сонымен қатар қала экологиясының біршама жақсаруына оң ықпал ететін болады. Бұл жұмысты атқарған мердігер фирма жұмыскерлері ескі қазандықтарды түгел ауыстырып, газ тазалау қондырғысын еуропалық стандарттарға сәйкестендірген және барлық жұмыстар қазіргі заман талабына сай автоматтандырылған жүйемен басқарылады.

– Құрметті жерлестер, теміртаулықтар! Бүгін біздің баршамыз үшін ерекше күн болып тұр, өйткені 1-желтоқсан тұңғыш Президент күні қарсаңында аймақта қолға алынған ең ірі жобалардың бірі де бірегейі, яғни №2 конвертор цехындағы газ тазалау қондырғысының жаңартылуы аяқталып, ол іске қосылды. Осындай ауқымды жұмысты орындаған комбинат басшыларына, мердігерлерге айтар алғысым шексіз, – деп облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков сөз сөйлеп, ризашылығын білдірді және бас директоры Виджай Махадеван мырзаға құрмет грамотасын тапсырды.

Мұнан соң бұл жобаның артықшылығы мен маңызы жайында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас директоры Виджай Махадеван құттықтау сөз сөйлеп, тиісті жұмыстарын тыңғылықты атқарған бірқатар жұмыскерлерді алғыс хаттармен марапаттап, арнайы тігілген жаңа үлгідегі жұмыс киімдерін сыйға тартты.

Бұл жобаның құны 130 млн. доллар тұрады, ал облыс әкімі комбинатта жүзеге асырылатын жобалардың нәтижесінде Елбасы Н.Назарбаев алға қойған болат өндіруді жылына 6 млн. тоннаға жеткізу тапсырмасына жасалған қадам екендігін қадап айтты. Сонымен қатар желтоқсан айында №3 домна пешін жаңғырту жұмысы аяқталып, нәтижесінде тәулігіне бес мың тонна шойын алуға мүмкіндік туатыны тілге тиек етілді.

Салтанатты сәттен соң мердігер фирма жұмыскерлеріне қонақасы берілді.

Еңбек қауіпсіздігі

Еңбекті қорғау, жұмыс барысындағы қауіпсіздік – бұл кәсіпорынның әр адамы есте ұстайтын маңызды мәселе. Сондықтан осы мәселеге байланысты бірнеше жобалар жасалып, жүзеге асырылуда. Соның бірі еңбекті қорғау жөніндегі бірыңғай комитет болып табылады.

Бірегей комитет іске кірісті

– Бұл жоба «Техника қауіпсіздігі бойынша 500 адам» деген атпен қалыптасқан арнаулы топ. Олар комбинаттағы барлық қауіпсіздік және тәуекелділік орындарын анықтап, оны арнайы тізімге алып отырады. Қатысатын адамдардың бәрі де алдын ала оқытып, үйретілген. Әрине, бұл іске еріктілер де, жанашырлар да көп керек. Сондықтан оған кәсіпорындағы таланттылар институтының студенттерін де қатыстырып отырмыз, – дейді мамандар.

Шынында да «АрселорМиттал Теміртау» өндірісінде қауіпсіздікке, еңбекті қорғауға үлкен мән беріліп келеді. Жаңадан іске кіріскен еңбекті қорғау жөніндегі бірыңғай комитет компанияның жас мамандарымен бірге жұмысқа ерекше маңыз беріп отыр. Бұл жерде оларға ешбір міндет олардың еркінен тыс жүктелмейді, қайта жеке бастамашылық қолдау табады. Жуырда өткен бір кездесуде еңбекті қорғау комитеттері жанынан тағы да қосымша бөлімшелер құру белгіленді. Ондағы мақсат барлық жұмыс істейтіндерді қауіпсіздік мәдениеті, қауіпсіз жұмыс істеуге ынталылық және кері байланыс қалыптастыру болатын. Кездесу кезінде жас мамандар жаңа жобаны қолдап, техника қауіпсіздігін бұзу жағдайларына байланысты өздерінің көргендері мен ұсыныстарын жеткізді. Осы жылғы 2 желтоқсаннан бастап техника қауіпсіздігіне байланысты арнайы сабақтар өткізіледі. Ал талаттар институтының студенттері үшін оқ желтоқсананың ортасында басталады. Ал қауіпсіздікке байланысты бөлімдерді мамандары онда оқытушылар рөлін атқарады.

– Өндіріс пен қауіпсіз өндіріс – бұл сайып келгенде бір түсінік, кез-келген жоба жүзеге асқан кезде онда тәуекелділік болады. Сондықтан әрбір басшы маман өзінің жұмыс орнында сараптау жүйесін құрып, қандай да бір тәртіп бұзудың алдын алу шараларын үнемі жүзеге асыруға тиіс. Сондықтан да жаңа жоба бойынша құрылған еңбекті қорғау комитетінің мүшелері өздерінің қауіпсіздікке байланысты стандарттарын жасап, қазіргі қазіргі жұмыс істеп тұрған тәртіпке өзгерстер енгізуді белгілеп отыр.



Жаңғырту

Комбинаттағы №3 домна пеші жаңаланып, күрделі жөндеуден өткізілуде. Енді бірер аптадан кейін ол толық қуатында іске кіріседі. Мамандар пешті жаңалаудың негізгі мақсаты технологиялық агрегаттың көрсеткіштерін және еңбек қауіпсіздігі жағдайын жақсарту деп отыр. Қазіргі жүргізіліп жатқан жұмыстар мен негізгі технологиялық деңгейін ескерсек, бұл бұрынғыдан мүлде басқа домна пеші болмақ.

Жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын



– Домна пешінің өнімділігі және еңбек жағдайының жақсаруы үшін ең жаңа жабдықтар орнатылуда, енді мұнда екі жалпақ құю алаңы, шойын мен шлакты ағызатын орындар және көлік пен басқа да құралдар үшін арнайы жүйелер іске қосылады. Пешке тиеу жаңа құрылғы бойынша жүзеге асады. Мұның бәрі сайып келгенде өнімнің сапасына және пештен шығатын түтінді газдың тазалығына әсер етеді.

Қарағанды металлургия комбинатындағы №3 домна пешінің тарихына көз жіберсек, ол 1971 жылы 29 қаңтарда іске қосылған, ол кезде пештің көлемі 2700 текше метр болып, кейін ұлғайтылған еді. Ал биылғы жаңалаудан кейін пештің сыйымдылағы 3848 текше метр болмақ, –дейді осы жобаның менеджері Петр Шаталин.

– Жаңа пеш іске қосылған кезде тәуліктік өнімділік 6300 тонна сұйық шойынды қамтамасыз етеді, ал шикізат жеткілікті болған жағдайда тіпті бұл көрсеткіш одан да жоғары болмақ, – дейді домна цехының бастығы.

№ 3 домна пешін жөндеуші бас мердігер «Имсталькон» фирмасы, қазір мұнда бір мезгілде сегіз жүз адамдай жұмыс істеп жүр. Жөндеу жұмысының қарқыны жоғары, жаңа жыл қарсаңында жаңа домнаны іске қосу мүмкіндігі бар. Қазан айында мұнда жұмыс істейтін бригадир, шебер сияқты техникалық қызметкерлер іске кіріскен болатын. Қазір олар жаңа жабдықтармен танысып, жұмыс істеудің қыр-сырларын игеруде. №3 домна пешінің жаңа жаңарған келбетте өнім бере бастайтын күні алыс емес.

Конкурс

Міне, желтоқсан айы да келіп, қыс қаһарына мінді. Дегенмен, алдағы мерекелер тізбегін еске алсақ, комбинат жұмыскерлерінің балалары үшін олардың баршасы аса қызықты етіп жоспарланғанын атап айтуға болады. Мысалы, бұған дейін жылдағы дәстүр бойынша жарияланған жаңа жылдық открытка лар салу байқауының қорытындысы балалармен қатар ересектерді де бей-жай қалдырмады.

Үздіктер марапатталды

Конкурс жарияланғаннан бері оқушылар өздерінің бойларындағы таланттары мен қиялдарының жүйріктігін көрсететін түрлі суреттерін комиссия назарына жіберумен болды. Жақында соның қорытындысы шығарылып, үздіктер марапатталды. Бұл салтанатты комбинаттың балалар мен жасөспірімдер орталығының және қазақ мәдени орталығының көркемөнерпаздары ән-бимен әрлеп, көрермендерге тамаша тарту, яғни мерекелік көңіл күй сыйлады.

Комбинаттың бас директоры Виджай Махадеванның өзі осы ортадан табылып, балаларға ақ тілегін жеткізіп, олармен естелік үшін суретке түсуінің өзі бүлдіршіндер мен олардың ата-аналары үшін қуанышты жағдай еді.

Жас ерекшеліктеріне орай топтарға бөлініп, сол бойынша жүлделі орындар алған балаларға естелік сыйлықтар мен ақшалай қаражаттар берілді. Бірінші орын алған балалардың қатарында Дәулет Зейнулла да бар.

– Мен Шахтинск қаласынан келдім, сондағы №16 қазақ мектебінің 2-сыныбында оқимын. Конкурс туралы хабарландыруды оқып, оған қатысуға шешім қабылдадық. Бұл ретте менен үлкен, 6-сыныпта оқитын әпкем Арайлым екеуміз бірлесіп, бір-бірімізге көмектесіп, жаңа жылға арналған открытка салып, конкурсқа жіберген едік. Міне, нәтижесін көріп отырсыз, мен жүлделі бірінші орынды, ал Арайлым екінші орынды иеленді. Комбинат басшыларына осындай конкурс ұйымдастырғандарына алғыс айтамыз, – дейді қуаныштан жүзі бал-бұл жанған жеңімпаз Д.Зейнулла.

Конкурс қорытындысынан соң балалар өздеріне жайылған арнайы дастарқаннан дәм татып тарасты.

Бетті дайындаған
Руза АЛДАШЕВА



Ұлы Жеңіске – 70 жыл

Қазіргі таңда кеңестік кеңістіктегі адамдардың Отанға, оның тарихына деген түсінігі әрқалай, бірінде – өшпес, терең патриоттық сезім болса, екіншісінде – өзінің екінші Отаны саналатын туған жеріне деген сүйспеншілік. Ал дамыған, алға қарай керуен түзеген заманауи жастар бұл ретте Отанды қалай таңдайды? Олар кіндік қаны тамған жерді туған Отаны санай ма, әлде ұлтына қарап таңдай ма? Бұл ретте біздің айтарымыз, баланың таңдау жасауға жеткілікті тәжірибесі жоқ, өз құзырымен болып жатқан мәселені жете түсіне білмейтіндігі. Бұған дайын болуы үшін әлеуметтік тәжірибе қажет, ал бұл тәжірибені тек белсенді әлеуметтік қызмет арқылы алуға болады. Бұл мәселені шешудің жолдарының бірі өлкетану қызметі, ол баланың жеке әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мысалы, әлемдегі ең қанды соғыстың аяқталғанына қанша жыл болса да, соғыс естелігі әлі күнге дейін жанды тербейді! Кейде ол алыста, көп жыл бұрын, бізден алыс жүрген сияқты. Бірақ біз ата-әжелеріміздің альбомын ашып қарасақ, соғыстың қасымызда, жақын, әлі күнге дейін санадан, тарихтан өшпегендігін, әрқайсысымыздың отбасымызда екендігін түсінеміз.

Ешкім де ұмытылмайды

Күн санап 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен көзкөргендер азайып барады. Біз тарихи шындықтың тікелей қатысушысы болып табылатын ардагерлерімізден ақпарат қабылдап, қайсарлықтары, рух күші үшін, Отанға деген шексіз махаббаттары үшін алғыс айтып үлгеруіміз қажет. Алдағы 2015 жылы Ұлы Отан соғысының Жеңістің 70 жылдығын тойлаймыз. Соғысқа қатысушыларға қайран қалып қана қоймай, ондаған жыл орталарына түскен ұрпақты жалғайтын рухани жіптерді жалғап, сақтай білуіміз керек.

Біздің шағын кентіміз – Ақтау соғыстан соң салынып, мұнда көптеген соғыс қатысушылар қоныстанған. Бірақ соңғы жылдары ардагерлер мүлдем азайып кетті, біз олардың аты-жөндері мен ерліктерін мәңгі есте сақтағымыз келеді. Сондықтан Ақтау кентінде ҰОС қатысушыларына және тыл еңбек ардагерлеріне арналған 144 ардагерлердің тегі тасқа ойып жазылған мемориалдық композиция ашылды.

Біздің мектептің оқушылары Граненко Владислав және Кабдулов Арман «ҰОС қатысушылары мен көзкөрген туысқандары туралы білу сыныптастары мен олардың ата-аналары үшін құндылық па?» деген сұраққа ден қойып, шағын зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу барысында көптеген отбасында соғысқа қатысқан туыстары бар екені анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі соғыс жылдары біздің еліміз үшін жандарын пида еткен жерлестеріміздің аты-жөнін біледі екен.

Сауалнамаға 8-11 сыныптардың оқушылары, олардың ата-аналары, жалпы 92 адам және қатысты.

Өткізілген зерттеу нәтижелері:

– Сіздің туысқандарыңыз Ұлы Отан соғысына қатысты ма?

Мектеп оқушылары: Иә - 84%, Жоқ - 6%, Білмеймін -10% . Оқушылардың ата-аналары: Иә - 94%, Жоқ – 2%, Білмеймін – 4% .

Оқушылар мен олардың ата-аналары Иә – 89%, Жоқ – 4%, Білмеймін – 7% .

Соғыстан кейінгі екінші және үшінші ұрпақ өкілдері бұл сұраққа әр-түрлі жауап берді. Дегенмен, сауалнама нәтижесіне қарай келе, көптеген отбасында Ұлы Отан соғысының қатысушылары бар деген тұжырымға келуге болады.

– Өз кентіңізден майданға кетіп, Ұлы Отан соғысында қаза болған адамдардың есімін білесіз бе?

Оқушылар: Иә – 62%, Жоқ – 38% , Ата-аналар: Иә – 96%, Жоқ - 4%.

Оқушылар мен ата-аналардың сұрақтары осы жолы 30% үйлеспеді. Біздің ойымызша мұның себебі, біздің ата-аналарымыз мектепте оқыған кезде пионерлік және комсомолдық ұйым болды. Мектептің әр ұжымы Ұлы Отан соғысына қатысушы есімін алу құқығы үшін күресіп баққан.

– Сіз соғыста қаза болған әскерлерге ескерткіш қою керек деп ойлайсыз ба?

Оқушылар: Иә – 100%. Ата-аналар: Иә – 100%.

Оқушылар мен ата-аналардың 4 сұраққа жауабы сәйкес келеді – бұл Ақтау кентінің тұрғындарының азаматтық позициясының жоғары екендігін көрсетеді. Өз кентінің тарихын оқыған оқушыларға өлкетану мәселесіне байыпты қарауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде тұлғаға тәрбиелік ықпал ету мүмкіндіктер кеңістігін кеңейтеді.

Жұмыс мұнымен біткен жоқ. Алда жоба жазу, соғыс және тыл еңбек ардагерлерінің өмірбаянын зерттеу, «Біз сол Ұлы жылдарды мәңгі есте сақтаймыз» атты буклетті өз қолымыздан жазу мақсаты тұр.

К. АЮПОВА,
география мұғалімі,
В. КАЛЫМАНОВА,
орыс тілі мен әдебиет мұғалімі,
М. ЮСУПОВА,
тарих мұғалімі.

Сайыс

Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар аясында Ақтау кентіндегі «Мектептен тыс жұмыс орталығы» және «Спорт сарайының» ұйымдастыруымен, сонымен қатар Теміртау қалалық білім беру бөлімінің дене шынықтыру және спорт секторының меңгерушісі Д.Есімханов, қалалық мәслихат депутаты Сергей Гулько, кент спортшысы Роман Байрамовтардың қолдауымен «Спорт сарайында» 11 команданың қатысуымен спорттың төрт түрінен сайыс өтті. Олардың қатарында «Айгерім» балабақшасы, «Ақтау кентінің әкімдігі» аппараты, Теміртау қаласының №9 мектеп-лицейі, №28, №29, №32 мектептері, сонымен қатар «Central Asia Cement» АҚ ұйымы, «IRON» ЖШС, «Ақтау-Су -2006» ЖШС болды.

Ақтауда II спартакиада өтті

Спорт жарысын өткізудің басты мақсатын ұйымдастырушылар: «2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес кент азаматтарының денсаулығын жақсарту, сондай-ақ, жастардың дамуына, еңбек ұжымының арасындағы сыйластық, ұйымшылдық қарым-қатынасты нығайту», -дейді.

Іріктеу сайысында қызықты әрі тартысты ойын «Спорт кешені» ұжымы мен № 29 мектеп ұжымының арасында өткен волейбол жарысының ақтық бәсекесі болды. Теміртау қаласының волейболдан спорт шебері Георгиевский Владимир төрелік жасаған бұл сайыста, алаң иелері намысты қолдан бермей, тартысты додада жеңімпаз атанды. Әдіс-тәсілмен бірге, нағыз мықтыны анықтайтын арқан тарту сайысында I орынды «Айгерім» бала бақшасы, II орынды № 29 мектеп ұжымы, III орынды «Central Asia Cement» АҚ иеленді.

«Күш атасын танымайды» деген аталы сөз қол күрес сайысына арналып айтылғандай. Нағыз мықтыны анықтайтын бұл сайыста ЖШС «IRON» ұйымының жетекшісі Омутчанов Бекзат ешбір қарсыласқа дес бермей, өзінің қаншалықты мықты екенін көрсетіп, I орын иеленді. II орынды «Ақтау-Су-2006» ЖШС ұйымының мүшесі Абишев Евгений, III орынды «Central Asia Cement» АҚ қатысушысы Сигнарь Андрей қанағат тұтты.

Ал, жалпы есеп бойынша, I орында «IRON» ЖШС ұжымының өкілдері. II орын Ақтау кентіндегі «Спорт сарайының», III орын «Central Asia Cement» АҚ үлесінде.

Елін өрге жетелеп, Қазақстан жұлдызын биіктен жарқыратқан тұңғыш Президент күнінде «Мектептен тыс жұмыс орталығы» және «Спорт сарайының» ұйымдастырушылары тартысты доданы жоғарғы дәрежеде өткізіп, қатысушылардың алғысына бөленді.

Өз тілшіміздің

Жаңа фильм

Бұл картина бұған дейінгі «Балалық шағымның аспаны», «Отты өзен» және «Темір тау» фильмдерінен құралған «Елбасы жолы» киноэпопеясының төртінші бөлімі болып саналады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Киноэпопеяның жаңа тарауын тамашалады

Жаңа кинотаспа бас кейіпкердің өміріндегі маңызды кезеңді – Орталық Азиядағы ірі металлургиялық кәсіпорын – Қарағанды металлургия комбинаты партия ұйымының басшысы ретінде қалыптасуы кезеңін суреттейді. Оқиғалар оның Днепродзержинскідегі оқудан кейінгі және Қазақстан Магниткасындағы жұмысының басталған кезіндегі өмірін қамтиды. Киноэпопеяның сценарийін Нұрсұлтан Назарбаевтың кітабының желісімен белгілі қазақстандық драматург-сценарийстер Ш.Құсайынов, Р.Әбдірашев және Г.Земель жазған. Онда Мемлекет басшысының әріптестерінің, достары мен үзеңгілестерінің естеліктерінен алынған эпизодтар да қолданылған.

«Тығырықтан жол тапқан» фильмінің түсірілімі Қазақстан мен Ресейде, атап айтқанда, Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау және Мәскеу қалаларында жүргізілген. Басты рөлде Қазақстанның жас актері Н.Әлімжанов ойнады, өзге кейіпкерлерді отандық және ресейлік актерлер сомдады. Олардың қатарында В.Гафт, И.Ясулович, А.Рапопорт, Н.Арынбасарова, В.Стеклов және тағы басқалар бар. «Тығырықтан жол тапқан» фильмі биылғы 4 желтоқсаннан бастап ел кинотеатрларында көрсетіледі.



Жанында жүр жақсы адам

Еңбегінің жемісін көрген дәрігер

Әлемдегі ең жақсы мамандық қандай? Бұл сұраққа нақты жауапты ешкім бере алмайды. Кімнің еңбегінің маңызы артық? Дәрігер әлде ұстаз, шахтер немесе автобус жүргізушісі? Әрбір іс, әрбір мамандық маңызды. Өз өмірін маңызды және пайдалы іске арнаған адам нағыз батыр десек артық айтпаймыз. Еңбек етпей бақытты өмір сүру мүмкін емес. Ал, жаның сүйетін іс өзгелерге пайдалы болса, одан асқан пенделік бақыт жоқ шығар. Батылдық, жан жылуы, өзгелерге жәрдем беру – барлық дәрігерлерге пән қасиет. Дәрігерлер жүрегінде Гиппократ антын сақтап еңбек етеді, өмір сүреді.

Айдынбеков Алимуса Торғайұлы оқу бітіргеннен бастап өмірін осы дәрігерлік мамандыққа арнаған адам. Жаны таза, еңбегіне адал, ұстанымына берік маман.

Ақтау ауруханасы ауыр халде тұрған уақытта 2003 жылдың қаңтар айында аурухана басшылығына Айдынбеков Алимуса Торғайұлы келді. Жоғары білімді, білікті дәрігердің алдында талай міндеттер тұр еді. Жұмысына білек сыбана кіріскен басшы ауруханаңы күрделі жөндеуден өткізіп қана қоймай, 25 орындық ауруларды емдеу бөлімін іске қосты. Еңбегінің жемісін көрген адам бақытты. Қазіргі уақытта аурухана адам танымастай өзгерген, қызмет көрсету сапасы да артқан. Сондықтан, Алимуса Торғайұлы жақсы дәрігер болу үшін әр істі жеріне жеткізіп, адамгершілікпен істеуге жол көрсеткен тұлға, үлгі боларлықтай жан.

2 желтоқсан күні 63 жасқа толып, зейнеткерлік шаққа келген басшыны әріптестерімен бірге кенттегі «Мектептен тыс жұмыс орталығы» КМҚК ұжымы құттықтады. Құттықтаушылардың қатарында, «Ақтау әкімдігі аппараты», «Ақтау су - 2006» ұжымдары да болды. Кенттің әкімі Ордабаев Айдос Ордабайұлы аурухана басшысы Алимуса Торғайұлының еңбек жолына тоқталып, атқарған істерін ерекше мақтанышпен айтты. Құттықтай келе, иығына шапан жапты.

«Мектептен тыс жұмыс орталығы» КМҚК басшысы Ткаченко Марина Владимировна жүрекжарды тілегін арнаса, ұжым өнерпаздары естелік сыйлықпен қоса ән мен жырдан, әсем биден шашу шашты.

Алимуса Торғайұлына мына жыр шумақтарын арнаймыз;

Табиғаттың қысы келген шақта мына,
Ағыттым жыр тиегін ақтарыла.
Алимуса Торғайұлы 63-ке кеп,
Айналды Ақтауымның мақтанына.

Ойы озық, пейілі кең қатарынан,
Күтеді ел жақсылық баталы ұлдан.
Құтты болсын тойыңыз болып жатқан,
Пайғамбардың жасы деп атандырған.

Бой бермей қиындықтың салмағына,
Ілінбей ешкімнің де қармағына.
Дамытты медицина ғылымын өрге сүйреп,
Танытты бар өнерін жан-жағына.

Өмірде көпті көріп, көпті түйген,
Дәрігердің мұңын жоқтап, жаны күйген.
Білікті дәрігер, әрі мықты азамат,
Алимуса Торғайұлын елі сүйген!

Кездескен бөгеттерді таптап өтіп,
Келеді армандаған шаққа жетіп.
Мерейлі тойыңызбен құттықтаймыз,
Бүгінгі күн біз де сізді мақтан етіп!

«Мектептен тыс жұмыс орталығы» КМҚК ұжымы

Ұрпақ тәрбиесі

Өткен аптада №4 қазақ орта мектебінде «Халыққа қызмет ету жолы » деген тақырыпта патриоттық сабақ болып, оған 9 «а», 9 «ә» сынып оқушылары қатысты. Бұл шараны № 1 қалалық кітапхана филиалының кітапханашысы Махфуза Қапышева жүргізді.

Тұңғыш Президентке арналды

– Баршаға белгілі, еліміз 1 желтоқсанда тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Балаларға Қазақстан Президентінің өмір жолын, Отанға деген сүйіспеншілігі мен балалық шағына саяхат жүргізіп, оқушылардың да болашақта жақсы азамат болып қалыптасып, елді көркейтуге, дамытуға өз үлестерін қосуға баулу мақсатында осындай іс-шара ұйымдастыруды жөн көрдік, – дейді кітапханашы.

Бұл шарада экран арқылы «Қазақстаның тұңғыш Президенті» аты тұсаукесер көрсетілді және «Кемеңгер жолы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге онға таяу кітаптар мен газет беттеріндегі мақалалар қойылды. Экраннан бейне ролик саундтрек көрсетілді. Өткен іс шараға 28 адам қатысты.

Сонымен қатар оқушыларға Президенттің өмірі туралы жане халыққа деген сүйіспеншілігі жайында кеңінен әңгімеленді. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты жолдауын тыңдап, үкіметке берген тапсырмалары жайында да кеңінен әңгімеленді.

– Біз тұңғыш Президент туралы бұған дейін де мол мәлімет алып, Елбасының өмірі мен еңбек жолына аса қызығушылықпен қарайтын едік. Бұл жолы тағы да осыған көз жеткіздік. Бізде бір Отан, бір тағдыр, бір Президент, – дейді оқушылар бірауыздан.

Өз тілшімізден

8 желтоқсан – 14 желтоқсан

8 желтоқсан, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Дауа
10.35,00.50 Арнайы репортаж
10.50,21.05 Айтуға оңай
11.35,19.30 «Сұлтан Бейбарыс»
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45 Апта.kz
13.50 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10, 00.30 «Келін» Т/с
17.00 Менің Қазақстаным
17.50 Өзекжарды
18.05 «Шын жүректен»
19.00 «Заң және біз»
21.05 Айтуға оңай...
21.50 «Қара шаңырақ»
23.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
00.50 «Көкпар»
01.50 Футбол

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
09.00,10.00 Жеті күн
11.00,15.50 Сәтті сауда
11.30 Мультфильм
13.00,17.00,20.00,00.50 Жаңалықтар
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
15.15,00.50 Худ. Фильм
16.25 Мультсериал
16.55 Подари детям жизнь
17.15 Көзқарас
17.45 Бизнес сыры
18.18 Ду думан
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.00 Телесериал
23.10 Жекпе-жек
23.55 «След» Т/с

ЕУРАЗИЯ

06.00,03.15 Телесериал
06.50,18.00 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Ду қол шоколад
13.00,22.50 Х фактор
13.25 «Ашығын айтқанда»
14.15,02.45 «Паутина» Т/с
14.40,18.55 Телесериал
15.30 112
15.45 «Судебные историй»
16.45 Давай поженимся!
19.45 Телесериал
21.00 Новости
21.40 Телесериал
23.00 Пусть говорят
00.10 Телесериал
02.20 Телесериал

5 КАНАЛ

Профилактика
17.05 Азбука спорта
17.10 Жақсылардан ғибрат
17.30,02.30 Деректі фильм
18.00,22.40 Рекламный визит
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.25 Спокойной ночи, малыши!
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести Россия
21.00 С новым домом!
22.50 Худ. Фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

Профилактика
17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Обсудим
19.35 Ғибрат
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

9 желтоқсан, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.55 Қара шаңырақ
11.00 Айтуға оңай
11.45,19.40 «Сұлтан Бейбарыс» Т/с
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.30 Сыр-сұхбат
14.55 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,00.05 «Келін» Т/с
17.00,01.45 Келбет
17.50,01.50 Ас болсын!
18.35 Арнайы тележоба
18.50 Док. фильм
19.05 «Жиембет жырау»
23.30,02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
02.10 Жан жылуы
03.30 Шын жүректен!

ХАБАР

07.00 «Айтұмар»
08.00 Жаңа күн
10.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.40 Новости
10.10 «След»
11.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
11.10 Дело вкуса
11.45,21.30 Телесериал
12.10,15.50 Сәтті сауда
12.40 Спорт без границ
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.15,00.30 Телесериал
16.55 Подари детям жизнь
17.15 Көзқарас
17.45 Экономкласс
18.15 Телесериал
19.10 Нүкте
20.30 Бюро расследований
23.10 Арнайы хабар

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50,18.00 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Ду қол шоколад
13.00,22.50 Х фактор
13.35 «Ашығын айтқанда»
14.15,02.45 «Паутина»
14.30 Телесериал
15.30 112
15.50 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
18.55 «Сүйген жар» Т/с
20.00 Телесериал
21.00 Новости
21.30 Телесериал
23.00 Пусть говорят
00.10 Телесериал
03.25 Кино

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30, 20.40 Вести-Россия
07.00, 19.35, 21.40 Шарайна
07.35,08.35 «Дәмдес болайық»
07.50, 14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00, 13.00, 20.00, 22.00 Новости
08.30 «Наши дети»
13.40,17.45 Азия айнасы
14.45 «Прямой эфир»
16.10 Худ. фильм
17.00 «Менің шындығым»
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.35 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.00 «Мелочи жизни»
21.00 Касается всех
22.50 Худ. фильм
00.35 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45, 11.00, 18.50, 21.50, 23.00 Реклама
07.55, 13.20 Әсем әуен
09.00 Док. фильм
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Обсудим»
11.45 Руханият
12.10 Кино
18.30 Жеңіс солдаты
18.50 «Мәңгілік мұра»
19.00 «Жаңғырық»
19.30 «Тарих тағлымы»
21.00 Телесериал
23.15 Кино

10 желтоқсан, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Қара шаңырақ
11.10,21.05 Айтуға оңай
11.35,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
13.00 Поэзия әлемі
13.30 Заң және біз
14.05 Мың түрлі мамандық
14.55 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00 Ұлт мақтанышы
17.50,23.45 «Өзекжарды»
18.10 «Бірегей тәлімгер»
18.40 «Қазақстанның музыкалық дауысы»
19.05 Қылмыс пен жаза
23.30,02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
02.10 «Ғасырлар үні»

ХАБАР

07.00 «Айтұмар»
08.00 Жаңа күн
10.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
10.10,00.00 «След» Т/с
11.00,13.00,17.00,20.00,23.20 Жаңалықтар
11.10 «Дело вкуса»
11.45,21.30 Телесериал
12.10,15.50 Сәтті сауда
12.40 Спорт әлемі
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.15,00.20 Худ. Фильм
16.55 Подари детям жизнь
17.15,22.50 Көзқарас
17.45 Бизнес сыры
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
22.00 Телесериал
23.00 Нүкте

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50,18.00 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Ду қол шоколад
13.00 Х фактор
13.35 «Ашығын айтқанда»
14.15,02.45 Паутина
14.30 Телесериал
15.30 112
15.50 Судебные истории
16.50 Давай поженимся
19.45 Белые волки
21.00 Новости
21.40 Телесериал
22.50 Х фактор
23.00 Пусть говорят
00.10 Телесериал
02.40 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 «Таңертеңгілік 5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35,08.45 Дәмдес болайық
07.50,14.35,17.35,21.50 Рекламный визит
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
08.30 Буду верным другом
08.35 Наши дети
08.40 Азбука спорта
13.30,20.30,22.30 P.S
13.50 Эколайф
14.00,02.30 Деректі фильм
14.45 «Прямой эфир»
16.00 «Среда Эргономики»
16.10 Худ. Фильм
17.00 Азия айнасы
17.50 Моя Караганда
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
21.00 Баршаға қатысы бар
21.15 «Мәңгілік тіл»
22.50 Худ. фильм
00.35 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,13.00,17.50,20.00,22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00, 12.50,15.50,18.50, 21450 Реклама
07.55 Әсем әуен
09.00 Док. фильм
10.00 Жаңалықтар-Новости
10.45,20.45,22.45 Уақыт.кз
11.10 «Жаңғырық»
11.40 «Тарих тағлымы»
12.05 Телесериал
18.30 «Заң және заман»
19.00 Тәкелей эфир
19.35 2050
21.05 Телесериал
23.10 Кино

11 желтоқсан, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Қара шаңырақ»
11.00 Айтуға оңай...
11.45,19.40 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45 Агробизнес
13.10 Сіз не дейсіз?
13.30 Жан жылуы
14.00 «Ұлт мақтанышы»
14.55 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.50,00.35 Қылмыс пен жаза
18.10 «Бірегей кемеңгер»
18.40 Қазақстанның музыкалық дауысы
19.05 Жаңа Қазақстан-2050
23.35,02.35 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
01.30 Поэзия әлемі
01.55 Мәлім дей беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 «Айтұмар»
08.00 Жаңа күн
10.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
10.10,23.50 «След» Т/с
11.00,13.00,17.00,20.00,23.40 Жаңалықтар
11.10 «Дело вкуса»
11.45,21.30 Телесериал
12.10,15.50 Сәтті сауда
12.40 Экономкласс
12.55,16.55 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.15 Худ. Филм
17.15 Көзқарас
17.45 101 бизнес-истории
18.15 Телесериал
19.10 Жекпе-жек
20.30 Энергия будущего
22.00 Телесериал
23.00 Біздің үй

ЕУРАЗИЯ

06.00,02.00 Телесериал
06.50,18.00 Жаңалықтар
07.00 «Доброе утро»
11.00 Телесериал
12.00 «Ду қол шоколад»
13.00 Х фактор
13.35 «Ашығын айтқанда»
14.15,02.45 «Паутина»
14.30 Телесериал
15.30 112
15.50 Судебные истории
16.50 Давай поженимся
19.45 Белые волки
21.00 Новости
21.40 Телесериал
23.00 Пусть говорят
00.20 Телесериал
02.40 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,08.45 «Таңертеңгілік 5-арнада»
06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.30 «Дәмдес болайық»
07.50,14.35,18.00,22.30 Рекламный визит
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
13.30 P.S
13.50,02.30 Деректі фильм
14.10 «Мелочи жизни»
14.45 «Прямой эфир»
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
16.10 Телесериал
17.00 Менің шындығым
17.45 Азия айнасы
18.10 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.35 Шарайна
21.10 «Хочу стать звездой»
21.40 «За высокую культуру!»
22.45 Кино
00.05 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00,13.50,15.50,17.50,18.50,21.50 Реклама
07.55 Әсем әуен
17.45Док. фильм
10.45,20.45,22.45 Уақыт
11.10 Прямой эфир
11.45 2050
12.05 Телесериал
18.30 «ДАТ»
19.00 Ас болсын!
19.35 Заң ж»не заман
21.00 Телесериал
23.10 Кино

8 желтоқсан – 14 желтоқсан

12 желтоқсан, жұма

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Қара шаңырақ»
11.00 Айтуға оңай
11.35,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45 «Менің Қазақстаным»
13.20 «Көкпар»
13.55 Ұлт мақтанышы
14.25 Телесериал
14.55 Мультсериал
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.55 «Келін» Т/с
17.00 Жан жылуы
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50,02.40 Өзекжарды
18.05 «Бәрегей сардар»
18.15 Қазақстан-2050
18.50,03.00 Парламент
19.05,02.15 Иман айнасы
21.50 «Шын жүректен»
23.30 «Сіз не дейсіз?»
00.35 Кино

ХАБАР

07.05 «Айтұмар»
08.00 Жаңа күн
10.00, 15.00, 18.00, 21.00, 02.00 Новости
10.10 «След» Т/с
11.00,13.00,17.00,20.00,23.40 Жаңалықтар
11.10 «Дело вкуса»
11.45 Телесериал
12.10 Сәтті сауда
12.40 101 бизнес-историй
16.50 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.05 «Женский доктор» Т/с
15.15,01.00 Телесериал
16.25 Ұлт саулығы
17.15 Бармысың, бауырым!
18.15 Телесериал
19.00 Орталық Хабар
20.35 Одна судьба
21.35 Жұлдызды дода
22.50 Худ. фильм

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50,18.00 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Ду қол шоколад
13.00 Жұма уағызы
13.15 Ашығын айтқанда
14.15,03.55 «Паутина»
14.30,15.45 Телесериал
15.30 112
15.45 «Наедине со всеми»
16.50 Жди меня
19.50 Белые волки
21.30 Поле чудес
23.00 Худ. Фильм
01.00 Человек и закон
02.00 Қылмыстық іс

5 КАНАЛ

06.30 «Таңертеңгілік 5-арнада»
06.30,20.50 Вести-Россия
07.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35,08.40 Дәмдес болайық
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 «Азбука спорта»
13.40 Эколайф
13.50,02.30 Деректі фильм
14.45 Прямой эфир
16.00 «Пятай передача»
16.10 Худ. Фильм
17.00 «Жастар»
17.30 «Ғажайып адам»
18.10 Ислам: сауалдар мен жауаптар
18.45 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
20.40 Моя Караганда
21.15 Комната смеха
21.25 Все о налогах
22.50 Док. фильм
23.45 В ритме нашего города
23.45 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,20.00,22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00,13.50,15.50,17.50,18.50,21.40 Реклама
07.55 Әсем әуен
08.50 Док. фильм
10.45,20.45,22.45 Уақыт.кз
11.10 Ас болсын!
11.45 «Дат»
12.10 Телесериал
18.30 Это наша с тобой биография
19.00 Қуырмаш
19.35 Жеңіс солдаты
20.00 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Телесериал
23.15 Кино

13 желтоқсан, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.00 Агробизнес
08.30 «Субботалық ТАҢ»
10.00 Дауа
10.35 Ас болсын!
11.25 Қазақстан дауысы
13.00 Поэзия әлемі
13.30 Телқоңыр
14.15 Жедел жәрдем
15.55 Мәлім де беймәлім Қазақстан
16.30 Жарқын бейне
17.00 Арнайы тележоба
17.30,20.30,00.30,03.15 Жаңалықтар
17.50 Әлем таныған Қазақстан
18.00 Концерт
19.45 Тағдыр
20.05 Арнайы репортаж
21.00 Ұлттық шоу
22.30 «Жайдарман»
01.00 Кино

ХАБАР

07.05 «Шаншар»
08.30 Мультфильм
09.30 Бармысың бауырым!
09.45 Продвопрос
10.10 Спорт без границ
12.10 Кино
14.00 Орталық Хабар
14.50 Ойжүйрік
15.40 Жұлдызды дода
17.30 Худ. Фильм
19.15 Тағдыр жолы
19.50 Бенефис шоу
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
00.20 Бокс
02.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Белый танец
08.30 Таңғы пошта
09.00, 21.00 Новости
09.10 Смак
09.55 Худ. фильм
11.35 «Фабрика грез»
12.05 Худ. Фильм
14.00 101 кеңес
14.25,02.10 Караоке такси
14.20 «Черно-белое»
16.00 Худ. Фильм
20.00 Х фактор
21.00 Новости
21.30,22.15 Субботалық жаңалықтар
21.45 Тілші түйіні
22.35 «Кешкі кездесу»
00.30 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.05 Шарайна
10.50 P.S.
11.00 «Моя Караганда»
11.10 «Жастар»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Однажды в Караганде
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.15 «Клетка» Шоу
15.00 Специальный корреспондент
16.15 «Субботний вечер»
18.10 Азбука спорта
18.15 «Мелочи жизни»
18.30 «Среда Эргономики»
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 «Городок»
20.00 Апта репортажы
20.15,22.30 Худ. Фильм
22.00 «Жоғары мәдениет үшін»
00.05 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00,13.00 Жаңалықтар-Новости
10.45,13.45 Уақыт.кз
11.00,12.50,15.50,17.50,21.55 Реклама
12.05 Док. фильм
14.00 Концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 «Қуырмаш»
18.35 2050
19.00 «Жаңғырық»
19.30 «Дат»
19.50 «Мәңгілік мұра»
20.00 Жайдарман Қарағанды
21.05 Док. фильм
21.25 «Өнегелі ойын» Д/ф
22.00 Телесериал

14 желтоқсан, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.35 Мәлім де беймәлім Қазақстан
08.30 Мультфильм
09.45 «Айгөлек»
11.35 Ақсауыт
11.55 «Шарайна» Т/с
12.40 Сыр-сұхбат
13.10 Ұлттық шоу
14.15 «Жедел жәрдем»
17.05 «Ғасырлар үні»
17.20 Концерт
19.10 Әзіл әлемі
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.00 Қазақстан дауысы
22.50 «Алаң»
23.20 Көкпар
00.00 Кино

ХАБАР

07.05 «Шаншар»
08.30 Айбын
09.00,21.00 Жеті күн
10.00 Ас арқау
10.25 Спорт әлемі
10.00 Мульфильм
12.45 Сказка
14.00 Бенефис шоу
15.00 Кино
17.20 Ой-жүйрік
18.20 Концерт
20.10 Ду думан
22.00 Худ. Фильм
00.20 Кино
01.30 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00, 03.50 Телесериал
07.30 101 кеңес
07.50,08.30 Субботалық жаңалықтар
08.00 Тілші түйіні
08.45 Воскресные беседы
09.00 Новости
09.10 ЗДОРОВЬЕ
10.10 Казлото
10.55 Теория заговора
12.05 Худ. Фильм
14.05 Кешкі кездесу
15.20 Х фактор
16.30 Телесериал
21.00 Аналитика
22.00 Худ. Фильм
00.15 Что? Где? Когда?

5 КАНАЛ

10.00 Апта репортажы
10.20 Моя Караганда
10.45 «Жақсылардан ғибрат»
11.10 «Тұжырым»
11.40 «Хочу стать звездой»
12.00 Уьренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 «Это смешно»
16.00,02.30 Деректі фильм
16.15 «Мәңгілік тіл»
16.30 Бірде Қарағандыда
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 «Регион 09»
20.35 Худ. фильм
22.40 Худ. Фильм
00.00 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00, 13.50, 15.50, 17.50, 22.05 Реклама
10.10 Кино
11.15 Жайдарман Қарағанды
12.30 Худ. Фильм
14.00 Концерт
15.00 Док. фильм
16.00 Кино
18.00 Ас болсын!
18.35 Заң және заман
19.00 Апта
20.00 «Обсудим»
20.35 Жеңіс солдаты
21.00 Док. сериал
21.30 Док. фильм
22.10 Телесериал



101 хабарлайды

Жылдың соңғы айы басталды, жаңа жылды қарсы алу салтанатына, шырша мерекесіне дайындық та басталып кетті. Ал Төтенше жағдайлар мамандары, өрт сөндірушілер болса, дәстүрлі жаңа жылды қарсы алу мерекелерінде қолданылатын пиротехника, отшашу және басқа да жанатын, тұтанатын көңіл көтеру құралдарынан сақтануды бірінші кезекке қояды. Өйткені жыл сайын отшашу құралдарынан зардап шегу оқиғалары кездесіп тұрады.

Сақ болыңыз: пиротехника

Жанғыш зымырандарды, ұшатын отшашуларды жағудың өзіндік тәртіптері бар, мәселен, оларды жіберген кезде тұрғын үйлерден неғұрлым алыс болғаны жөн. Ал көпсатылы жанғыш заттарды ең қатты жерлерге орналастыру керек. Сондай-ақ жерде жанатын отшашулар орындарынан қозғалып кетпейтіндей тегіс бетонға, асфальтқа орнатылуы тиіс. Олардың білтесін тұтатқан кезде, қолды алыс ұстау керек. Өйткені оларды сөндіру қиын болады, ал теріге тисе күйдіріп жібереді.

Мерекелік отшашуларды өткізу кезінде балаларға аса сақ болу керек, олар тек ересектердің басшылығымен ғана, соның өзінде алыстан қарап тұрса жеткілікті. Үлкендердің өзі отшашу, зымыран, салют – бұл ойын емес екенін түсінуге тиіс. Тіпті өзіміз жақсы білетін бенгал оттарының өзі балалардың қолында қауіпті тұтанғыш затқа айналатынын ұмытпайық. Отшашулар кезінде үнемі есте ұстайтын сегіз ереже бар, олар: жаңғыш заттарды қалтада алып жүрмеу, білтені тұтатқанда бетке таяу ұстамау, жанып тұрған отшашуларға он бес метрдей қашықтықта болу және басқалар.

Қымбатты қала тұрғындары! Мерекелік қызықтары көп болғанымен олардың адам денсаулығына зиян келтірмеуін де алдын ала ойластырыңыздар.

А.ТАУРБАЕВ,
ТЖ басқармасының
бас маманы



Тағзым

Мына жалғанда өзінің елеулі еңбегімен ел есінде қалатын тұлғалар баршылық. Әрине, ол үшін мықты ғалым, атақты ақын-жазушы немесе ел бастаған қолбасшы болу шарт емес. Керісінше, адал еңбегімен, өмірлік ұстанымдарымен өмірден өз орнын тауып, отбасында бірлік пен береке салтанат құрса, ұрпақ өрбітіп, перзенттеріне ардақты ата-ана, қазыналы қария болса да жеткілікті. Мұны айтып отырғанымыз, ұлылықтың ең шыңы – қарапайымдылық екенін тағы бір рет дәлелдеу. Себебі, талай тектілерді түлеткен Теміртаудай құрыш қалада осындай дара жандар баршылық. Сондай ел-жұртына қадірлі қариялардың бірі марқұм Мәжит Қажыбеков болатын. Бар ғұмырын игілікті іске арнап, қоғамда ойып тұрып орын алған асыл жан көзі тірі болса 7 желтоқсанда жүз жасқа толады екен. Мәселе оның басында емес, атқарған істерінде болғандықтан бүгін сағынышпен еске ала отырып, сол асыл жанның өмірі мен еңбек жолына бір сәт үңілгенді жөн көрдік.

Жаны жайсаң ақсы аға

Теміртаулықтар атын да, затын да жақсы білетін Мәжит Қажыбеков – Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол сонау 1914 жылы Нұра ауданына қарасты «Ақмешіт» совхозында өмірге келген. Атақты Тілен батырдың ұрпағы, Тіленнен Бәйті, Бәйтіден Бұйрабек, Талжан. Бұйрабектен Қажыбек, Әкімбек. Қажыбектен Мәжит туған. Асқар таудай әкесінен ерте қалған бала Мәжит өзінен кейінгі іні-қарындастарын тәрбиелеуді, оларды қатарынан кем қалдырмай өсіруді жастайынан өз мойнына алады. Шінәрай, Әния, Бәткен, Рымтай атты қарындастары мен Зада, Серік, Ережеп сынды інілерін оқытып, адамгершілік қасиеттерді бойларына дарытады. Өйткені ол өзі ауыл молдасынан арабша хат танып, сауатын ашады. Өз бетінше оқу-білім үйреніп, бойындағы құштарлығы мен ізденісінің нәтижесінде ауыл мұғалімі атанады. 1937-1938 жылдары «Құлан өтпес» совхозында мектеп мұғалімі болып, талай жасөрімнің мектептегі ғана емес, өмірдегі ұстазы атанады. Ал 1939 жылы директор болып еңбек етеді, сосын фин соғысы басталғаны белгілі, сонда майданға аттанады. «Фин соғысында байланысшы болып қызмет атқардым» деп отырушы еді марқұм. 1941 жылы Ұлы отан соғысы басталғанда Ленинградты жаудан қорғауға қатысқан даңқты жауынгер. Омырауындағы әрбір орден-медальдің тарихы өз алдына ұзақ әңгіме. Әлі есімізде, ол кейде:

– Граниттей Ленинград,
Емессің сен маған жат.
Сүйем сені бесігімдей,
Сүйем сені діл Лениндей.
Жүрегімде жатталған ат,
Ленинград, Ленинград.
Алтын бесік бір сен үшін,
Жаннан қымбат Жеңіс үшін,
Керек десе жан береміз,
Жанға қоса қан береміз.
Сөнгенше күн көктен құлап,

Мызғымайды Ленинград, – деп ыңылдап отыратын. Оқығаным мен көңіліне тоқығаны көп ағамыз шежірені, халқымыздың ауыз әдебиетін айтқанды, би-шешендердің айтқан даналық сөздерін айтып, үнемі айналасына ерекше нұр таратып, тәрбиенің тал бесігі болған-ды.

Отан алдындағы азаматтық борышын Ұлы отан соғысымен тұспа-тұс келгендіктен майдан даласында жеті жыл өткізіп, 1946 жылы ғана елге оралады. Мені, яғни қарындасы Әния мен Зада інісін Алматыға оқуға жіберді. Көңілі қалаған Зәкіжан деген арумен тағдыр қосып, отау болды. Зәкіжан жеңгеміз өмірге он бала әкеліп, ағамызбен, татутәтті ғұмыр кешті. Аяулы жеңгеміздің жаны жомарт, көңілі мен қолы ашық, қонақжай, абысын-ажынға мейірімді жан еді. Сәуле, Сұлтан, Мұқан, Темір, Болат, Ардақ, Аққанат, Жасұлан, Ерік, Ермек есімді ұл-қыздары өмірдің кетігіне кірпіш боп қаланып, отбасында алған жақсы тәлім-тәрбиені өз балаларының бойларына сіңіріп келеді.

Соғыстан елге оралған Мәжит ағамыз біраз жыл банк саласында қызмет етті, сосын аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімін басқарды. 1952 жылы Теміртауға қоныс аударып, мұндағы синтетикалық каучук заводындағы сірке су қышқылы цехына оператор болып жұмысқа орналасады. Кейін Қазақстан Магниткасының алып құрылысына еліміздің түкпір-түкпірінен келген азаматтармен танысып, олардың көпшілігімен етене араласады. Мысалы, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевпен де жақсы араласып, ортақ істер жөнінде үнемі ақыл-кеңесін беріп, пікірлесіп тұрған. Бұл сөзіміздің айғағы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Сара Алпысқызымен үйленгенде сол тойға қатысып, өзінің ақ тілегін білдірген.

Зейнетке шықса да, қоғамнан қол үзбей, ұлт мұраты жолында, нақты айтқанда қазақшасынан орысшасы басым қалада Алланың ақ үйі – мешіттің, қазақ мектебінің ашылуына да бір кісідей атсалысып, ретті жерінде ұсынысын да, тілегін де, талабын да тиісті орындарға жеткізе білді. Сөйтіп, бойына бала күнінен сіңген араб тілін үйренуге деген құштарлығының арқасында мешітке имам болып, ислам дінінің хақ жолын жамағатқа уағыздап, әр кеудеге иман нұрын құюға тікелей себепші болды, сөйтіп 2001 жылы өмірден озды.

– Жарықтық, Мәжит ақсақалды жақсы білетіндердің бірі мен едім. Ол кісі салмақты, айналасына аса қадірлі, сөзге шешен, бауырмал ақсақал еді. Құран аяттарын оқығанда дауыс ырғағы құлаққа жағымды болғаны соншалық, жүрекке жететін. Ол кездері қаланың он-он бес ақсақалы бірге жүретін, олар жүрген жер бейне бір имандылық, адамгершілік нұрын шашып тұрғандай көрінетін бізге. Әр үйдің төрінің сәні болған сол қарттарды сағынатыным рас. Бізді жанына шақырып, әңгіме айтқызатын, –деп Мәжит ағам туралы естелік айтады Теміртаудың белгілі азаматы, комбинат ардагері Смағұлдың Тілеубердісі.

Халқымыз «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дейді ғой, бұл бір ауыз жылы сөз біздің төбемізді көкке жеткізіп тастады. Өйткені «қартайдым деп қайғырма, Жас бала отыр артыңда» дегенді де айтқан бабаларымыз емес пе? Аяулы ағатайымның көзін көрген жандар енді өздері ақсақал атанып отыр. Бұл – өмірдің заңы, алдыңғы толқын ағалардың өкшесін кейінгі толқын басып жатыр.

Бүгінгі таңда Теміртауда ағамның Ермек, Темір, Жасұлан, Ардақ сынды перзенттері тұрады. Сонымен қатар Сұлтан баласының баласы, яғни немересі Бауыржан да Теміртауда, ал Қарағанды мен Астанада Ерлан, Айгүл, Еркеш, Ержан, Аяна, Аяш, Раушан, Зада, Серік інісінің балалары тұрады.

Өткенге көз жіберіп, болашақты бағамдасақ, Мәжит Қажыбеков – жапырағын көкке, тамырын тереңге жайған бәйтерек екен. Ойларым жинақталып, қағаз бетіне мынадай жыр шумақтары болып жазылды:

Қолыңдағы барыңды,
Туысқа бердің аялап.
Ақылың мен жаныңды,
Өстік біздер саялап.

Қамқор болдың анадай,
Ешбір кемдік көрмедік.
Өстік сені жағалай,
Құлашты кең сермедік.

Еңбегіңді елеген,
Халқың еске алады.
Аллам әркез жебеген,
Сендей ұлды саналы.

Міне, 7 желтоқсан күні марқұм еңбек және соғыс ардагері Мәжит Қажыбеков жүз жасқа толады, ол жайында естелік айтып, рухына арнап ас беру –оны білетін жамағат пен перзенттерінің үлесінде. Мен өз естелігімді жазып, оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдім.

Асыл туған адамның,
Алтын жетпес нарқы бар.
Жақсы менен жаманның,
Аспан мен жердей парқы бар.

Әния ӘКІМБЕКОВА,
зейнеткер ұстаз

Конференция

Қарағанды облыстық Дін істері жөніндегі басқарманың басшылығы «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігімен бірігіп Қарағандыдағы «Достар әлем» қонақ үйі кешенінде өткізген облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция «Діни ланкестік: қазіргі Қазақстан жағдайында түсініктері мен негізі» деген тақырыпта болды, оған мемлекеттік органдар, діни басқарма өкілдері, ғылыми қызметкерлер, журналистер қатысты.

Жастарға көбірек көңіл бөлінсін

Өзінің кіріспе сөзінде облыстық Дін істері жөніндегі басқарма жетекшісі Қайрат Нүркенов Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамдағы, әсіресе, жастар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуды күшейту мақсатында үкімет пен Президент әкімшілігіне діни ланкестік пен экстремизмге қарсы күресудің мемлекеттік бағдарламасын жасауды тапсырғанын тағы бір еске алды. Осыған байланысты 2013 жылғы қыркүйекте 2013 – 2017 жылдарға арналған діни ланкестік пен экстремизмге қарсы іс-қимыл жасаудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның негізгі мақсаты адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғам мен мемлекетке діни ланкестік пен экстремизмнің келтіретін зардаптарының алдын-алу болып табылады. Қазіргі уақытта аталған іс-әрекеттерден болатын зардап жаһандық мәнге ие болып отырғандықтан әрбір мемлекеттің ұлттық мүдделерінің қорғалу деңгейі халықаралық қауіпсіздік жағдайына тікелей байланысты.

Өткізілген конференцияның негізгі мақсаты қазіргі заманғы бағыттарды ескере отырып, алдын-алудың жаңа әдістерін іздестіру, тәжірибелер мен пікірлерді біріктіру арқылы іс-әрекет жасау, сарапшылар мен ғалымдардың ұсыныстарын ескеру болды. Айта кетейік жуырда Республика ұлттық қауіпсіздігі комитетінің төрағасы Нұртай Абықаев бүгінгі күні 300-ден аса қазақстандықтардың, оның ішінде жартысы әйелдер, «Ислам мемлекеті» деп аталатын террористік ұйым жауынгерлері қатарында соғысып жатқанын хабарлады. Соның ішінде біздің еліміздің азаматтарынан «Қазақ жамағаты» құрылған. Арнайы қызметті жас адамдардың интернетте жарияланған материалдардың ықпалымен радикалдану фактілері қатты толғандырып отыр.

Конференцияға қатысушыларға Қарағанды облысының бас имамы Өмірзақ Беккожа және Қазақстан мұсалмандары діни басқармасының республикалық ақпараттық-насихаттық тобының мүшесі, исламтанушы-теолог Ерсін Әміре қазіргі заманғы исламның жағдайы туралы өздерінің көзқарасын әңгімелеп берді.

«Қазақстан Республикасындағы мұсылмандық қоғамдастық және заманауи өзгерістер» деген тақырыпта «Орталық Азия даму корпусы» вице-Президенті Нұрлан Әлниязов баяндады. Алайда бұл тақырып оның алдындағы сөз сөйлегендердің баяндамаларында жан-жақты қамтылғандықтан Нұрлан Әлниязов осы мәселеге байланысты өзінің жеке бақылауларымен бөлісті, өз кезегінде оған көптеген сұрақтар беріліп, аса қызғылықты әңгімеге ұласты. Ол көптеген алыстағы аудандарға іс-сапары кезінде көргендерін, содан түйген ойларын ортаға салды.

Діни теологиялық мәселелерге қатысты белсенді насихат жұмыстары жүргізілген сайын адамдардың, әсіресе, жастардың бүлікшіл діни ағымдарға еріксіз қызығушылығы оянады деген пікір білдірді.

– Олар интернетке кіріп, сайттарды қопарып, сөйлесе бастайды. Сондықтан алдын-алуға бағытталған мұндай насихат жұмыстар кейде қарама-қарсы тиімділікке апаруы да ғажап емес, – деді ол.

Бұл жерде шын мәнінде біз ағымдағы жағдайды толық бақылауда ұстай алып отырмыз ба? деген сұрақ туады. Нұрлан Әлниязовтың сөзіне қарасақ, теологияға біржола басымызбен кіріп кетудің керегі жоқ сияқты, секталар мен ағымдарға саясатшының көзқарасымен бизнес-жобалар ретінде қарау керек. Мәселен «Иегово куәгерлері» 98 тілде өзінің әдебиеттерін басып шығаруда және әлемнің көптеген елдерінде өздерінің филиалдары бар. Міне, осындай сан тараулы жүйені құрып алған кезде – мейлі, ол христиан немесе мұсылман болсын – өзін әлемнің кез-келген арнаулы қызметіне өткізе алады. Өйткені әр елде олардың сенімді серіктестері, берілген адамдары бар. Әрине, бұл тұжырым мүлде дұрыс немесе талассыз осылай деп айтпаспыз, дегенмен мұндай пікір өмір сүруге хақылы және оған да құлақ салу қажет болады.

Конференциядағы пікір алмасуда облыстағы танымал дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» Қарағанды университетінің профессорры Яков Трофимов өте қызықты пікірлер айтты. Сондай-ақ «Нұрлы білім» бүлікшіл діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рүстем Сыздықовтың «Діни ланкестік (вахабизм-салафизм): негізі, түрлері, таралу бағыты және қарсы әрекет ету әдістері» деген баяндамасы тыңдаушыларға қатты әсер етіп үлкен қызығушылық туғызды. Конференцияда басқа да қатысушылар сөз сөйледі.

Конференция аясында «Діни ланкестік пен экстремизм түсініктері және негізі», «Діни ланкестік пен экстремизм ықпалын жеңу тетіктері» секцияларында жұмыстар жүргізілді. Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қорытындысы бойынша қабылданған қарарда діни қызметкерлерге, діни үрдістерді ұстанатын ерлер мен әйелдерге, өкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, соның ішінде түзеу мекемелері қызметкерлеріне арнап теологиялық білімін арттыру, біліктілігін көтеру мақсатында оқытатын курстар ұйымдастыру қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ әлеуметтік жарнамалардың мүмкіндігін белсендірек қолдану ұсынылды. Интернет жүйелеріндегі діни ақпараттар ағымына бақылауды күшейту, діни әдебиеттер және басқа да мазмұны күмәнді ақпараттарды таратуға тыйым жасау қажет. Конференцияға қатысушылар бұрынғы және қазіргі спортшылардың радикалдандыру әрекетіне қарсы іс-қимыл үшін спорттық клубтар мен секцияларды көбейтіп, бұрынғы беделді, әлемдік атақтары бар дәстүрлі сенімді ұстанатын спортшыларды жаттықтырушылық қызметке шақыру керектігін қолдады.



Сөз сиқыры жүректерді жаулайды

Облыстық семинар

Жуырда Қарағандыдағы «Достар әлем» демалыс орталығында Қарағанды облыстық дін істері жөніндегі басқарманың басшылығымен дінтанудың өзекті мәселелерімен айналысатын баспасөз өкілдеріне арналған мемлекеттік-ақпараттық саясатты насихаттау аясында облыстық семинар болып өтті.

Бұл семинарға БАҚ-тың өкілдері, болашақ журналистер – блогерлер мен студенттер шақырылды. Бұлар біздің азаматтардың арасында қандай да бір сауалдар, проблемалар бойынша қоғамдық пікір қалыптастыруға тікелей әсері бар санат болып есептеледі, соның ішінде соңғы кезде аса өткір мазмұн алып отырған дін саласы туралы да дәл осыны айтуға болады. Сөз, өзіміз білетіндей, әрдайым тек пайда ғана әкелмейді, сонымен бірге оның зияны мен зардабы да бар, әсіресе діни наным-сенімдер бостандығы сияқты аса нәзік салада оның мәні зор.

«Қарағанды облыстық дін істері жөніндегі басқарма» ММ басшысы Қ.Нүркенов өзінің сөзінде соңғы уақытта дін саласында түбегейлі өзгерістер болып жатқанын айрықша атап айтты:

– Ұзақ жылдар бойы бұқаралық ақпарат құралдарында дін тақырыбы екінші кезекті мәселенің рөлінде қалып келді – негізінен мәдениет немесе көңіл көтеру саласының көлеңкесінен ғана орын алды. Күні кешеге дейін бұқаралық ақпарат құралдары аса ірі деген діни мерекелерді немесе елдің назарына түскен аты шулы қылмыстық істерді ғана жазып келсе, бүгінгі таңда діни экстремизм, діни ағымдардағы бүлікшілдік бағыттар туралы мәселе күн тәртібіне келіп жетті. Сонымен бірге ислам тақырыбына арналған материалдардың соншалықты көптігіне қарамастан олар бірқатар жағдайларда саяси әдістермен әрленіп беріледі. Біздің еліміздегі және сонымен бірге мұсылман әлеміндегі көптеген оқиғалар субъективті түрде беріледі, сөйтіп исламның жағымсыз бет-бейнесі қалыптастырылады. Бұл енді батыстық медиа құралдарына өте тән құбылыс, сондай-ақ «шаһид», «жиһад» «моджахед», «секта» және басқа терминдер бір жағымсыз әрекеттер ретінде қолданылуда.

Дәстүрлі емес діни бірлестіктер қызметтеріне байланысты аса күрделі сауалдар туындап отыр. Кейде бейбітшілік пен келісімді бұзатын бір ұшқынның тұтануына бірауыз сөздің немесе орынсыз айтылған қалжыңның өзі жеткілікті. Ал бұл мысалдар бұқаралық ақпарат құралдарының діни тақырыптарға асқан салмақтылықпен қарауы қажеттігін көрсетеді. Діни бірлестіктер, билік органдары және бұқаралық ақпарат құралдары өзара байланыста жұмыс істеуі керек. Сонымен бірге мүдделі тараптар белгілі бір шарттарды, принциптерді мұқият орындауға тиіс. Бір жағдайды хабарлап баяндау үшін немесе оны елге жеткізу үшін алдымен өзара ортақ жауапкершілік болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі уақытта дін саласындағы мемлекеттік саясат идеологиясын халыққа жеткізуде, жұртшылықтың діни сауаттылығын арттыруда орасан зор рөл атқарады. Осыған орай медиа құралдары өкілдері үшін, соның ішінде біздің облыстағы қаламгерлерге де үйретіп оқытатын семинарлардың өткізілуі уақыт талап етіп отырған осындай шарттарға байланысты. Бұл жұмыс діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында жүргізілуде.

Сөзінің соңында Қайрат Нүркенов жалған діни экстремизм және терроризм идеяларын тартуға қарсы бағытталған аса белсенді қызмет жасап жүрген «Қарағанды облыстық дін істері басқармасы Қарағанды облысы конфессияаралық қатынастар проблемаларын оқып-білу және сараптау орталығы» коммуналдық мемлекеттік басқармасы қызметі туралы жан-жақты әңгімелеп берді.

Бұдан кейін сөз «Нұрлы білім» бүлікшіл діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Рүстем Сыздықовқа берілді. Қоғам қайраткері сөзін бүлікшіл діни ағымдардың өз жұмыстарын барынша кеңейтіп отырғанына байланысты қазіргі замандағы халықаралық жағдайға арнады.

Аталған оқыту семинарында ҚР мәдениет және спорт министрлігі Дін істері жөніндегі комитеттің қоғамдық және ғылыми қызметтер тобының сарапшысы Юлия Денисенко айтарлықтай үлкен жұмыс жасады, ол осы басқосуға қатысушылардың бәрімен тақырыптық салалар бойынша әңгіме өткізді. Өкінішке орай қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе штатта адамдары аз аудандық газеттердің ерекшелігі оларда нақты діни тақырыппен бірыңғай айналысатын журналистер ұстауға мүмкіндік жоқ. Қайрат Нүркенов атап өткендей, журналист көп ретте сан саланы қамтиды, ол бір күн мұғалім, бір күн дәрігер, ал келесіде металлург өмірін жазады. Бір сөзбен айтқанда, журналистердің дәл осы діни тақырыпқа мамандануы туралы армандаудың өзі ертерек. Сондықтан болар өз сөзінде Юлия Денисенко діни тақырыпта жұмыс істейтін қаламгерлер қауымын құруды ойластыру керектігін айтып қалды.

Дін тақырыбына жазатын журналист нені білуі керек, бір қарағанда аудиторияға қойылған осы сұрақтың жауабы оңай-ақ сияқты, алдымен әрине, әр автор діннің негіздерін білуге тиіс және осы саладағы мамандардың пікірлеріне де мұқият құлақ қойғандары жөн, сонымен бірге міндетті түрде әрбір сөзге үлкен жауапкершілікпен қарау керек.

Семинарда оған қатысушылар 3 топқа бөлініп Юлия Денисенко алдынала дайындаған газет мақалаларын талқылады. Ондағы мақсат авторлардың қателіктерін, жіберген кемшіліктерін табу болатын. Талқыланған мақалаларда діни бірлестіктердің аттары, «секта» сөзі, «тоталитарлық секта», «бүлдіргіш секта» деген сөздердің өз орнында дұрыс қолданылмағаны кемшілік ретінде аталып өтілді. Семинарға қатысушыларғабұл сөздердің қандай мағынаға ие екендігі түсіндірілді. Мәселен «секта» сөзінің біз білетіндегідей екі мағынасы бар: Secare (лат.) – бұл бір бүтінді кесу дегенді білдіреді. Sequi (лат.) – соңынан еру, яғни, діни қозғалыстың көшбасшысын қолдау деген мағынада. Міне осылайша журналист өзінің мақаласында қандай да бір діни бірлестікті «секта» дейтін болса, оны сот жауапкершілікке тарта алмайды. Алайда «бүлдіргіш секта» немесе «тоталитарлық секта», тағы бірде өзінің қызметін заңды түрде жүргізіп отырған діни бірлестіктерге қатысты «культ» деген сөздер қолданатын болса, онда дінге сенушілердің ар-намысына тигені үшін сотқа беруі әбден мүмкін.

Оқыту семинарының журналистер үшін аса пайдалы болғанын атап өткім келеді. Юлия Денисенко қандай бір мәселелер туындап жатса «Қарағанды облыстық дін істері жөніндегі басқарма» ММ мамандарымен немесе «Нұрлы білім» бүлікшіл діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығы», «Виктория» әлеуметтік және құқықтық көмек орталығы» қоғамдық бірлестігімен ақылдасуды ұсынды. Қарағанды облыстық дін істері жөніндегі басқарма» ММ жетекшісі Қ.Нүркенов конфессияаралық мәселелер бойынша қателіктерге ұрынбау үшін кәсіби мамандардың кеңесін пайдалануға республикалық ақпараттық кеңестік «114» жедел желісіне және «Қарағанды облыстық дін істері басқармасы Қарағанды облысының конфессияаралық қатынастарды оқып-үйрену және сараптау проблемалары орталығының» 8(7212)56-56-93, 30-06-86, 30-07-44 телефондарына хабарласуға болады деді.

Виктор МИНИН



Біле жүріңіз

Мамандардың айтуынша, әрбір жетінші адам жүрек ауруынан көз жұмады екен. Сол себепті, жүрек талмасы кезіндегі алғашқы көмек көрсету ережелерін бәріміздің біліп жүргеніміз абзал.

Жүрек талмасы кезіндегі алғашқы көмек

1. Жүрек талмасы кезінде науқастың сол жақ көкірек тұсы шаншиды. Денесі ауырлық сезініп, қан қысымы көтеріліп, қысылады. Сөйлей алмай, қызып немесе мұздайды. Бұндай белгілермен асқазан және жүрек ауруларын шатастырып жатады. Жүрек талмасының қосымша белгілері:

• Тыныс алудың қиындауы;
• Суық тер;
• Тұншығу, ісу;
• Асқазан ауруы;
• Бас айналу;
• Жүректің шамадан тыс қатты соғуы.

2. Бір ерекше жағдай, әйел жаратылысы мен ер адамдардың жүрек талмасында айырмашылықтар бар. Мына белгілер тек әйел адамдарға тән.

• Жауырынның (ту сырты), сол жақ иықтың ауруы;
• Жақтың ауруы;
• Қолдың ауруы;
• Әлсіздік;
• Ұйқысыздық.

3. Жедел жәрдемге хабарласыңыз. Олар келгенше, жақын адамдарыңызға хабар беріңіз.

4. 325 грамм аспирин дәрісін 30 секунд төңірегінде тістемей, ұртыңызда ұстай тұрыңыз.

5. Егер дәріге қарсы тітіркендіргіш қасиетіңіз болса, ешқандай дәрі-дәрмек қабылдамаңыз.

6. Бұндай жағдайда көлік айдамаңыз, тіпті, отырмаңыз да. Талып қалған жағдайда көлік апатына ұшырап, қайғылы жағдайға душар боласыз. Егер көлік айдамай, ішінде отырып, талып қалсаңыз, сізді ешкім байқамай қалуы мүмкін. Мейлінше, сыртта болуға тырысыңыз.

7. Сабыр етіңіз, өзіңізді «бәрі жақсы болады» деп тынышталдырыңыз.

8. Жүрек соғысыңызды қадағалаңыз, әсіресе, «бір-бір-мың, екі-бір-мың, үш-бір-мың...» деп санағаныңыз жақсы.

9. Аяғыңызды биікке қойып, шалқаңыздан жатыңыз. Бұл оттегі жұтуға көмектеседі.

10. Ашық терезе, есік немесе желдеткіш алдында жатып, кең тыныс алып, демалыңыз.

11. Жөтелмеңіз.

12. Тамақ, су ішпеңіз. Суды ішуіңізге болады. Онда да, тек аспиринді асқазанда еріту үшін.

13. Ең бастысы, қалтаңызда ұялы телефоныңыз бен дәріңіз жүрсін.

Жүрек талмасы бұл өте кең тақырып болғандықтан, бүгінгі айтылған кеңестерді тек тамшылары ғана деп біліңіз. Сондықтан, алдағы уақытта да біз бұл тақырыпқа айналып келіп, сіздерге кеңінен мағлұматтар береміз.

Денім сау болсын десеңіз

Ата-бабаларымыз «Дені саудың жаны сау» деп бекер айтпаса керек. Денсаулық мықты болса, адам баласы әр кез сымбатты көрініп, көтеріңкі көңіл-күйде жүретін болады.

Дұрыс тыныс алу. Терең демалу. Қазіргі таңда таза ауаға шығып, табиғат аясында демалуға көп мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан да ауасы тарылған ортада тыныс алуды үйренген жөн. Күнделікті таңертең оянған бойда төсектен тұрмастан 20 рет терең тыныстау керек, кейін 30-40 минут таза ауада жаяу жүріп, сергіген абзал. Мүмкін болса, таңертең жылы душ қабылдаса игі. Сондай-ақ, таңғы жаттығуларды жасауды ұмытпаңыз.

Белсенділік танытыңыз. Жаман әдеттерден сақ болып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Шеңбер айналдырып, көп уақытты физикалық қимыл-әрекеттерге бөліңіз. Тіпті, жұмыс уақытында аратұра үзілістер жасап, далаға шығып, таза ауада 10-15 минут серуендеңіз.

Дұрыс тамақтаныңыз. Жартылай фабрикаттар, қатты қуырылған тамақтардан, газды сусындардан, фаст-фуд тамақтарынан аулақ жүріңіз! Бұл тамақтардың орнын жеміс-жидектер мен көп шөппен алмастырыңыз.

Дәрумендерді пайдаланыңыз. А, В, С, Е т.с.с. дәрумендер адам ағзасына өте қажет. Бұл дәрумендерді дәріханалардан сатып алуға болады. Алайда, олардың азық-түлік құрамында да болатынын естен шығармаңыз. Мысалы, А дәрумені қауын, мандарин, сәбіз, жұмыртқа, балық, көп шөпте т.б. көптеп кездеседі. Цитрус жемістерінде кездесетін С дәрумені ағзадағы зиянды қалдықтарды шығарып, иммунитет пен қан айналымын жақсартады. Е дәрумені жаңғақтар мен өсімдік майларында кездеседі.

Лимонмен емдеуге болатын сырқаттар

Лимонды әдетте тропикалық жеміс деп білеміз. Дегенмен, оның адам денсаулығына пайдалы қасиеттері бар екен. Ондағы дәрумендер мен пайдалы қоспалардың молдығы сонша, оны «әмбебап» жеміс деуге де келеді. Тамақ ауырғанда, іш қозғанда, тіпті гепатитте лимонды естен шығармаңыз!

Тамақ ауруы (Ангина)

Тамақ қатты ашыған кезде бір лимонның жартысын қабығымен жеңіз. Ащы, бірақ өте пайдалы. Сонымен қатар, лимон шырынымен тамақты шаюға болады. Оны сумен араластырып, бір күн бойы әр сағат сайын жеңіл шайып отырасыз.

Бронхит

Егер бронхитке дейін жетсеңіз тазаланған ақжелкектің 50 грамын 2-3 лимонның шырынымен араластырасыз. Сосын шәй қасықпен күніне төрт рет қабылдап отырасыз. Сонымен қатар, сарымсақ пен лимон қоспасы да асқынған бронхиттің алдын алады. Ол үшін 5 лимонды қабығымен және 4 бүтін сарымсақты майдалап, араластырасыз. Содан кейін, бір литр су қосыңыз. Сосын қараңғы жерде бес күн сақталуы тиіс. Дайын болған дүниені күніне 3 рет тамақтанудан 20 минут бұрын қабылдау керек.

Тұмау

Шәйға дәрілік шөптермен қоса лимонды да салып ішіңіз. Алдымен суға қырмызы, жалбыз, шәлім мен жолжелкендерді салып қайнату керек. Осындай әмбебап қоспа ағзадағы кальцийдің мөлшерін теңгереді. Ал кальций дене температурасының төмендеуіне таптырмас ем болады.

Гипотания

Артериалды қан қысымы төмендеген кезде 5-6 лимонды еттурағыштан өткізіңіз. Дайын болған лимонды пюреге бадан жапырағының туралғанын салыңыз. Сосын оны қайнаған суға қосып, 36 сағат мұздатқышта сақтаңыз. Ал содан кейін жарты килограмм бал араластырыңыз. Барлығын жақсылап араластырғаннан кейін тағы 25 сағатқа мұздатқышқа қоясыз. Сосын күнде үш мезгіл тамақтан 30 минут бұрын қабылдаңыз. Жазылу мерзімі – үш апта.

Қанды иодсыз қалай тоқтатуға болады?

Күнделікті өмірде ойламаған жерден қантамырларымызды жарақаттап аламыз. Жарақат алып, қансыраған адамға міндетті түрде алғашқы көмек көрсету керек. Уақытында дұрыс ем көрсеткенде ғана қан тез тоқтайды. Көпшілігіміз мұндай жағдайда бірден йод дәрмегіне жүгінеміз. Бірақ оның әрқашан, дәл керекті уақытында табылмай қалатынын өздеріңіз де өмір тәжірибесінен көрдіңіздер. Ал, бүгінгі айтылар кеңестердің сіздерге қашан, қай жерде жүрсеңіз де бір кәдеңізге жарарына сенеміз.

Жарақат алсаңыз, әуелі қолыңызды жуып, медициналық резеңке қолғап немесе полиэтиленді пакет киіп алыңыз.

• Егер жарақатыңыз айтарлықтай ауыр болмаса:

Ағынды су жарақатты тазартып қана қоймай, қанның тыйылуына да әсер етеді. Ағынды салқын судың астына жарақатты жуыңыз: қан тоқтап, тамырыңыз басылады. Есіңізде болсын: суық су мен ыстық суды кезек-кезек қолданбаңыз. Жарақатқа кері әсерін тигізеді. Салқын судың орнына қан тоқтағанша, мұз басуыңызға болады. Егер денеңізде ұсақ жара тіліктері болса, ыстық душ қабылдасаңыз, қанды жуғанмен, денеңіз дызылдайды. Сондықтан, алдымен суық сумен жуыныңыз.

1. Вазелин. Жарақаттың аузын бітеп, қанды тоқтатады. Егер, қолыңызда вазелин болмаса, гигиеналық ерін далабын пайдалануға болады.

2. Сірке суы. Мақтаға сәл сірке суын тигізіп, жарақатыңызды қан тыйылғанша баса тұрыңыз.

3. Жүгері крахмалы. Жарақат бетіне жүгері крахмалының ұнтағын себіңіз. Қан тоқтаған соң ағынды сумен шайыңыз.

4. Қант. Таңғалып отырған боларсыз! Қанттың залалсыздандырғыш қасиеті бар. Сол себепті, жараның бетіне жаймен сепсеңіз болады.

5. Өрмек. Бұған да таңдай қағып отырғаныңыз белгілі! Табиғат аясында жүріп, жарақаттансаңыз, таптырмас көмекші. Өрмекшінің ауын өрмекшісіз алып, жарақат бетіне жаймен шиыршықтаңыз!

6. Дезодорант. Алюминий хлориді бар антиперспирантты қолдануға болады. Саусағыңыздың ұшына алып, жарақат бетіне жағыңыз.

7. Чили бұрышы. Бұрыштың ащылығынан қорықпаңыз, үлкенірек қылып кесіп алып, жарақат бетіне қойыңыз. Артынша, қан тоқтаған соң, міндетті түрде суық сумен жуыңыз.

8. Аспирин. Аспиринді суға езіп, қоймалжың паста жасаңыз да, жарақат бетіне мақтамен жағыңыз. Бұл жараның ісуінің бетін қайтарады.

9. Жұмыртқаның ішкі қабықшасы. Жұмыртқаны жарып, мейлінше үлкенірек қабықша алуға тырысыңыз. Мембрананы жарақат бетіне таңып қойсаңыз, азғантай секунд ішінде қанның тоқтағанын байқайсыз.

10. Жарақатқа қауіп тимес үшін дәкемен мықтап орап қойыңыз.

Іштен қан кеткенде, ауыр сыртқы жарақат алған кезде қандай алғашқы көмек көрсету керектігін сіздермен алдағы уақытта бөлісетін боламыз.

(Ғаламтордан алынды)

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы:
Ақсақалдар алқасы

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**

Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 13019-Г куәлікті 2012 жылғы 4 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.
Газет аптасына бір рет шығады
Тапсырыс 158
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3. Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым:
Газет «Құрыш қала»
газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арко» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 65023.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 44-67-69 Электронды поштамыз: **khurysh_khala@mail.ru**